

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №9 (6571) 31 қаңтар, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

DIGITAL ALMATY 2025

Алматыда 31 қаңтар мен 1 ақпан аралығында Атакент көрме кешенінің алаңында өтетін форум жұмысы «Industrial AI: жаңа дәуірге арналған технологиялар» тақырыбы аясында өрбімек.

9

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ҮКІМЕТ ПЕН ӘКІМДЕР ҚЫЗМЕТІ

халыққа ашық әрі түсінікті болуы керек

Жиын барысында Үкімет қызметінің негізгі бағдарлары аталды. Олар: экономиканы әртараптандыру, инфрақұрылымды дамыту ісін жаңа деңгейге көтеру, цифрлық технологияны жан-жақты енгізу, энергетиканы дамыту және ядролық кластер құру, агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін арттыру, салық-бюджет саясатын реформалау, маңызды жобаларды қаржы көздерімен қамтамасыз ету, сондай-ақ әлеуметтік қолдау ісін реттеп, денсаулық сақтау, білім беру және ғылым саласын одан әрі дамыту жөніндегі нақты міндеттер мен жоспарлар.



Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен алқалы жиында Үкімет жұмысының басты бағыттары айқындалды

МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТТЫҢ МІНДЕТІ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ

Президент тұжырымдағандай, «Мемлекеттік аппараттың басты міндеті – азаматтарды толғандыратын өзекті мәселелерді шешу. Ол үшін, ең алдымен, азаматтармен ұдайы байланыста болу керек», «Үкіметтің және әкімдердің қызметі өз халқымызға да, сыртқы әлемге де ашық әрі түсінікті болуы керек. Бірінші басшылар азаматтарды жеке қабылдауға тиіс. Бұл – өте маңызды. Әсіресе, аймақ, қала, аудан басшылары халықпен тікелей байланыста жұмыс істеуі қажет», «елімізге ең алдымен, білікті және ел мүддесін ойлайтын отаншыл кадрлар қажет».

2

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

ӘР БАЛАҒА – 129 ДОЛЛАР

32 центтен аударылады

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры «Ұлттық қор – балаларға» жобасы аясында биыл әр балаға қанша қаржы аударылатынын есептеп болды. Биылғы инвестициялық табыс жаман емес. Орташа инвестициялық табыстың тең жартысы балалардың шотына аударылады. Биыл 6 млн 921 мың 35 бала қатысады. Бұл туралы Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов мәлімдеді. Ұлттық банк мәліметі бойынша балаларға тиесілі ақша бүгін аударыла бастайды.



«ҰЛТТЫҚ» МӘРТЕБЕ

Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысы «Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер музейі» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарына «Ұлттық» мәртебе беру туралы Жарлыққа қол қойды.

«ИГІ ІСПЕН БӨЛІС»

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ұлттық волонтерлердің фронт-офисімен бірлесе отырып «Игі іспен бөліс» республикалық флешмобы басталғанын хабарлады. Бастама әлеуметтік желілерде мұқтаж жандарға өтеусіз көмек көрсету арқылы қайырымдылық және волонтерлік мәдениетті дамытуды көздейді.

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ҮКІМЕТАРАЛЫҚ КЕҢЕС



ҚР Премьер-министрі Олжас Бектенов Алматыда Еуразиялық үкіметаралық кеңестің шағын құрамдағы отырысына қатысты. ЕАЭО шеңберіндегі мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды.



«ИГІ ІСПЕН БӨЛІС» республикалық флешмобы басталды
Стартовал республиканский флешмоб «ПОДЕЛИСЬ ДОБРЫМ ПОСТУПКОМ»

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

31.01.2025

Түнде:



-6-8 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:



-2-4 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман, жолдарда көктайғақ.

1.02.2025

Түнде:



-7-9 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:



-2-4 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман. Жолдарда көктайғақ.

2.02.2025

Түнде:



-8-9 °C

Көшпелі бұлтты, қар. Жолдарда көктайғақ.

Күндіз:



-3-5 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Жолдарда көктайғақ.

www.aqshamnews.kz



Ұлттық қор - балаларға

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БІЛІКТІ ЖӘНЕ ЕЛ МҮДДЕСІН ОЙЛАЙТЫН
ОТАНШЫЛ КАДРЛАР КЕРЕК

(Басы 1-бетте)

• Үкіметтің кеңейтілген отырысында еліміздің 2024 жылғы дамуының нәтижелері қаралды, қордаланған мәселелер талқыға түсіп, алдағы міндеттер айқындалды. Ірі инфрақұрылымдық жобалар, цифрландыру және жасанды интеллект, ядролық энергетиканы дамыту, агроөнеркәсіп кешенін нығайту және инвестиция тарту бойынша басты бағдарлар сараланды.

Жиынға Премьер-министр, Үкімет мүшелері, Ұлттық банк төрағасы, облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Бюджет қаржысы аса өзекті мәселелерді шешуге жұмсалуды керек

Президенттің пікірінше, алға қойған міндеттерді жүзеге асыру үшін тұтас мемлекеттік аппарат тиімді жұмыс істеуі керек.

— Жаңа дәуірдің сын-қатерлері аз емес. Оны еңсеру үшін бізге тиісті стратегия керек. Мен реформалардың нақты бағыты мен оны жүзеге асыру жолдары туралы осыған дейін де айттым. Үкімет ел экономикасын тұралап қалудан сақтап, орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін күрделі шешімдер қабылдауды керек және ең бастысы сол шешімдерді іске асыруға тиіс. Бұл — жоғары білікті әрі жауапкершілік алуға дайын мемлекеттік қызметшілердің қолынан келетін жұмыс. Әлемдік тәжірибеге қарасақ, мемлекеттік аппараттың тиімділігі осындай күрделі кезеңдерде айқын көрінеді. Үкімет қаншалықты қиын болса да, жаппай үнемдеуге көшіп, бюджет қаржысын тек қана аса өзекті мәселелерді шешуге жұмсауы керек. Көрпеге қарай көсілетін уақыт келді. Орынсыз шығынды тоқтатып, аяғымызды тартып басу қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жаңа дәуірдің сын-қатерлерін еңсеру бағдарлары

Қасым-Жомарт Тоқаев сырттағы ахуал күрделі болса да, елімізде жақсы нәтижелер бар екенін тоқталды. Ел экономикасы өсіп жатыр. Бірақ шешімін таппаған түйткілдер әлі де көп. Жаңа дәуірдің сын-қатерлері аз емес. Оны еңсеру үшін бізге тиісті стратегия керек.

Үкімет ел экономикасын тұралап қалудан сақтап, орнықты дамуы қамтамасыз ету үшін күрделі шешімдер қабылдауды керек және ең бастысы сол шешімдерді іске асыруға тиіс. Бұл — жоғары білікті әрі жауапкершілік алуға дайын мемлекеттік қызметшілердің қолынан келетін жұмыс. Әлемдік тәжірибеге қарасақ, мемлекеттік аппараттың тиімділігі осындай күрделі кезеңдерде айқын көрінеді. Үкімет қаншалықты қиын болса да, жаппай үнемдеуге көшіп, бюджет қаржысын тек қана аса өзекті мәселелерді шешуге жұмсауы керек. Көрпеге қарай көсілетін уақыт келді. Орынсыз шығынды тоқтатып, аяғымызды тартып басу қажет.

Мемлекет басшысы Үкіметтің және басқа да құзырлы органдардың жакын арадағы негізгі міндеттерін саралап, маңызды 8 бағдарды атады. Олар:

БІРІНШІ: экономиканы әртараптандыру. Инвестиция тарту — аса маңызды мәселе. Бұл ретте Үкімет басы артық бюрократиядан арылып, жедел жұмыс істеуі, инвестиция саласындағы жұмысты күшейтуі, инвесторды іздеуге, қолдауға және қорғауға қатысты жұмыстың бәрін жүйелі жүргізетін біртұтас экожүйе құруы керек. Жер қойнауын пайдалану саласындағы реформа еш кедергіге қарамастан жалғасуға тиіс. Бұл — принципті ұстаным. Үкімет мұны қатаң түрде сақтауы маңызды. Жалпы, ел экономикасына жеке инвестиция тарту — Үкіметтің басты міндеті.

ЕКІНШІ: инфрақұрылымды дамыту ісін жаңа деңгейге көтеру. Энергетикалық және коммуналдық нысандардың жұмысын жаңа стандарттарға жедел түрде көшіру керек. Үкімет жаңа тариф саясатын жүзеге асыруды жалғастыруға тиіс. Тағы бір мәселе — мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік көмектің нақты ісінәне жетуі. Қазақстан — шын мәнінде әлеуметтік мемлекет. Бірақ бұл — азаматтарымыздың, әсіресе, өскелең ұрпақтың еңбек етуге ынтысын азайтып, оларды масылдыққа ұйрету деген сөз емес.

Маңызды міндеттің бірі — тұрғын үй қорын басқару жүйесін жаппай реформалау. Қала құрылысын жоспарлаудан бастап, нысандарды пайдалануға беруге дейінгі барлық үдерісті цифрлық форматқа толық көшіру қажет. Бірыңғай ақпарат жүйесін жыл соңына дейін әзірлеу керек. Тұрғын үйдің сапасына және оның қолжетімді болуына баспа назар аударған жөн. Заманауи технологияларды енгізбейінше, логистиканы табысты дамыту мүмкін емес. Сондықтан қоймаларды автоматтандыру, маршруттарды цифрландыру, көлік ағынын басқару ісінде жасанды интеллектті қолдану Үкімет жұмысының басым бағыттары болуға тиіс.



Шұғыл атқаратын шаруаның бірі — еліміздің аумағында халықаралық әуе хабын құру. Ірі әуежайларымызды бәсекеге қабілетті халықаралық хабқа айналдыру үшін тез арада батыл шешімдер қабылдау қажет. Алдымызда жүк және жолаушылар терминалдары, логистикалық орталықтары және заманауи сервистері бар толыққанды экожүйе құру міндеті тұр. Жүк тасымалының барлық рәсімін жеңілдетіп, авиаотынға қолжетімді баға қою керек.

ҮШІНШІ: цифрлық технологияны жан-жақты енгізу. Елімізде жасанды интеллект технологиясын қарқынды дамыту керек. Жыл соңына дейін оның кейбір тұстарын Электронды үкімет жүйесіне енгізу қажет. Бұл технологияны «Smart City» жобаларында кеңінен қолдану мәселесіне айрықша назар аударған жөн. Үкімет цифрландыру мен жасанды интеллектті қолданудың біртұтас жүйесін құруға тиіс. Президент Үкіметке мемлекеттік органдар мен ұлттық компанияларға жасанды интеллект технологиясын енгізу жұмысын қолға алуды тапсырды.

Мемлекет басшысы цифрландыру дамыған сайын алаяқтық көбейіп бара жатқанын да атап өтті. Қоғамдық пікірге теріс ықпал ету, биліктің беделін түсіру және ел ішінде алауыздық тудыру үшін жалған мәлімет таратып, ақпараттық шабуыл жасау белен алуда. Мұндай әрекеттер азаматтардың қауіпсіздігіне және елдегі тұрақтылыққа үлкен қатер төндіреді. Сондықтан интернет-платформаарда арандатушылық сипаттағы ақпарат таратқаны үшін жауапкершілікке тартуды заңмен бекіту мәселесін ойластыру қажеттігі айтылды. Бірақ киберқауіпсіздікті күшейту шаралары цифрландыру үдерісіне тосқауыл болмауға тиіс. Үкімет құқық қорғау органдарымен және қаржы саласын реттеушілермен бірге азаматтардың жеке деректерін қорғауды мейлінше қамтамасыз етуі тиіс.

ТӨРТІНШІ: энергетиканы дамыту және ядролық кластер құру. Еліміз өзін-өзі электр энергиясымен толық қамтамасыз етіп, 15–20 пайыз шамасында резерв қалыптастыруға тиіс. Бұл — Үкіметтің алдында тұрған міндет. Энергия тапшылығы артып келе жатқан бүгінгі кезеңде алғашқы Атом электр стансасының құрылысын тездету қажеттігі айтылды. Жалпы, елімізде ядролық кластер құру ісін қолға алу керек. Бұл еліміздің болашақта ойдағыдай дамуына қатысты аса маңызды міндет екенін тұжырымдаған Мемлекет басшысы Үкіметке «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, атом саласын дамытудың ұзақ мерзімге арналған жоспарын әзірлеуді тапсырды. Нақты нәтиже керек. Жан-жақты талдау жүргізіп, атом электр стансаларын салуға барынша қолайлы жерлерді, сондай-ақ заманауи және қауіпсіз технологияларды анықтау қажет.

Үкімет пен Парламент екінші ядролық стансаны қай аймаққа салу қажет екені жөнінде Президентке ұсыныс беруі керек. Ядролық қуатсыз Қазақстан келешекте ойдағыдай дами алмайды. Қуат екеніміз — бүкіл экономиканың дамуы деген сөз. Екіншіден, қуат жеткілікті болса, барлық аймақтар гүлденіп, өркендей түседі, халықтың тұрмысы да жақсармақ.

БЕСІНШІ: агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін арттыру. Тиімділігі төмен субсидиялау тәсілінен жеңілдікпен несие беру тәсіліне көшу қажет. Президент ауылды дамытуға арналған негізгі міндеттерге арнайы тоқталды. Инфрақұрылымды жаңғыртуға және бизнесті қолдауға басымдық берілуі керек. Бұл ретте ауылдық аймақтарды жан-жақты дамытуға арналған («Ауыл аманаты», «Ауыл — ел бесігі») және тағы басқа бағдарламалар) мемлекеттік қолдау шараларының бәрін бір бағдарламаға біріктіру дұрыс шешім болмақ.

Ауылдағы ағайынның тұрмыс сапасына ықпал ететін барлық мәселеге баса мән беру қажеттігі аманатталды. Ауыл халқы қаржылық және мемлекеттік қызметтерден қол үзіп қалмауы керек.

АЛТЫНШЫ: салық-бюджет саясатын реформалау. Жаңа өндіріс орындарын ашу, инфрақұрылымды дамыту және үдерістерді цифрландыру үшін инвестор қаржысын тарту қажет. Мемлекет экономикаға салынатын инвестиция көлемін ұлғайта бермек. Үкімет барлық қаржыны басты ба-сымдықтарға сай бөлуі керек. Бұл — Үкімет пен әкімдер бұлжытпай орындауға тиіс негізгі бюджет қағидатының бірі.

Президент Үкімет ұсынған шаралар бюджетті Ұлттық қордан қосымша қаржы алмай-ақ толықтыруға мүмкіндік беретіндіктен, нақты есеп жүргізіп, жанама факторлардың бәрін ескеру керектігіне назар аударды. Сол себепті, жаңа Бюджет және Салық кодекстерін тыңғылықты әзірлеп, қысқа мерзімде қабылдау міндеті тұр. Бұл мәселені қоғам жіті бақылап отырғандықтан, бүкіл жұмыс ашық әрі түсінікті, кәсіби деңгейде жүргізілуге тиіс. Халыққа саясатымызды түсіндіру керек. Мемлекет қаржысын барлық деңгейдегі бюджетке рационалды әрі әділ бөрудің маңызы зор. Барша аймақтың мәселелері мен қажеттіліктері Үкіметтің жіті назарында болуы шарт. Өңірлердің даму қарқынын бәсеңдеуіне және әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауына мүлдем жол беруге болмайды. Жалпы, Үкіметке батыл әрі қалыптан тыс, бірақ сындарлы шешімдер қабылдауға тура келеді әрі қабылданған шешімдер күрделі сын-қатерлерге сай болуға тиіс.

ЖЕТІНШІ: маңызды жобаларды қаржы көздерімен қамтамасыз ету. Мемлекет болатын қаражатты кезең-кезеңімен несие мөлшерлемесін субсидиялауға қарай бағыттау керек. Бұл қаржыландыру көлемін бірнеше есе ұлғайтып, банктердің ақшасын экономикалық айналымға қосуға мүмкіндік бермек. Бизнесің кепілге қоятын мүлкінің болмауы нақты секторды кредиттеуге кедергі келтіреді. Сондықтан займды кепілдендіру құралдарын көбейту қажет. Үкімет салалық даму институттарымен бірлесіп, кепілдік қорын құру мәселесін пысықтауы керек.

СЕГІЗІНШІ: әлеуметтік қолдау ісін реттеп, денсаулық сақтау, білім беру және ғылым саласын одан әрі дамыту. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін реформалау жалғасады. Үкімет Парламентпен бірге міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру туралы заң жобасын жедел пысықтауы тиіс.

«Ауылдағы денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту» ұлттық жобасы аясында екі жылдың ішінде халыққа алғашқы дәрігерлік көмек көрсететін 460 нысан пайдалануға берілген. Үкімет пен әкімдер алғашқы көмек көрсету нысандарының барлығын жыл соңына дейін түгел іске қосуы керек. Президент Үкіметке көпбейінді орталық аудандық ауруханаларды жаңғырту жұмыстарын келесі жылдың соңына дейін аяқтауды тапсырды.

Мектепке дейінгі және орта білім беру саласында әділ бәсеке болуы қажет. Мемлекеттік тапсырыс белгілі бір білім беру мекемесіне байланып болды. Соның нәтижесінде ата-аналар балабақшаны өздері таңдауға мүмкіндік алды. Аталған жоба тиімді, талапқа сай болса, бұл тәжірибе орта білім беру саласына да енгізілмек. Тұрғылықты жеріне қарамастан, әрбір баланың білім алуына қолайлы жағдай жасау — мемлекеттің міндеті. Быыл «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аяқталады. Барлық аймақта заман талабына сай тірек мектептер желісі құрылып жатыр. Үкімет заманауи мектептер салуға қолайлы жағдай жасап, орта білім беру саласына жеке инвестиция тартуы қажет.

Быыл — Жұмысшы мамандықтар жылына орай елімізде маңызды іс-шаралар мен жобалар жүзеге асырылмақ. Еңбек адамының абырой-беделін арттыру үшін нақты жұмыс жүргізіледі. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін түбегейлі жаң-

ғырту ісі қолға алынуда. Бұл іске жауапты мекеменің бәрі және ең бастысы, жеке сектор белсене араласуға тиіс. Бизнес бұл салаға көбірек келуі үшін техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдарға арналған мемлекеттік тапсырыс көлемі артады. Оның мөлшері де біркелкі болмақ. Бұған биыл бюджеттен қосымша 22 миллиард теңге бөлінді. Бұл мақсатта әкімдерге зор жауапкершілік жүктелмек.

Президент ғылым және жоғары білім саласындағы реформалардың қарқыны мен сапасын сақтаудың маңыздылығын атап өтті. Білім беру тапсырысын оқу орындарының рейтингіне қарай бөлу жұмысы Үкіметтің бақылауында болуға тиіс. Соңғы жылдары мемлекет ғылымға бөлінетін қаражат көлемін едәуір арттырды. Әлі де арттыра береді. Бірақ бұл қаржы нақты мақсатқа сай жұмсалуды қажет. Бюджет қаржысын сапалы әрі сұранысқа ие зерттеулер жүргізетін университеттер, институттар мен ғалымдар ғана алуы керек.

Қоғамдық коммуникация стратегиясы мұқият ойластырылуы тиіс

Қасым-Жомарт Тоқаев алқалы жиында тұжырымдағандай, алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін тұтас мемлекеттік аппарат тиімді жұмыс істеуі керек. Мемлекеттік аппараттың басты міндеті — азаматтарды толғандыратын өзекті мәселелерді шешу. Ол үшін, ең алдымен, азаматтармен ұдайы байланыста болу шарт. Халықтан келіп түсетін өтініштерге айрықша назар аудару қажет. Бытырдың өзінде Президент Әкімшілігіне 50 мыңнан астам өтініш келіп түскен, ал еліміздегі барлық мемлекеттік органдарға шамамен, 4 миллион өтініш жолданған. Бір жағынан, бұл жұрттың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сенетінін көрсетсе, екінші жағынан бұл олардың өтініштері мен мәселелері мемлекеттік органдардың күнделікті жұмысы барысында шешімін таппай жатқанын аңғартса керек. Әдетте азаматтардың өтініштерінің артында адам тағдыры тұрады, сондықтан бұл жерде барлық құзырлы органдар жұмыла жұмыс істеуге тиіс. Ал олқылықтар мен кемшіліктерді жою үшін тиянақты жұмыс жүргізілуі тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаев ақпараттық жұмыс уақытылы әрі сапалы жүргізілген жағдайда көптеген мәселені, соның ішінде қоғамда дүрбелең тудырған түйткілдерді ұшықтырмай шешуге болатынына маңыз берді. Сондықтан мұқият ойластырылған қоғамдық коммуникация стратегиясы қажет. Үкіметтің және әкімдердің қызметі өз халқымызға да, сыртқы әлемге де ашық әрі түсінікті болуы керек. Бірінші басшылар азаматтарды жеке қабылдауға тиіс. Бұл — өте маңызды. Әсіресе, аймақ, қала, аудан басшылары халықпен тікелей байланыста жұмыс істеуі қажет.

Заң тәртібін қамтамасыз ету өз елін күстәнәлауға себеп болмауға тиіс

Президент мемлекет пен қоғамның серіктестігі азаматтарға да зор жауапкершілік жүктейтінін еске салды. Осы орайда «заң мен тәртіп» қағидасы халықтың санасына терең орнығуға тиіс. Ол үшін кез келген құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеушілік» қағидатын берік ұстану қажет. Бұл бағыттағы жұмыстар барлық деңгейде ұйымдастырылуы керек. Мұны, әсіресе, аймақ әкімдері мықтап қолға алғаны жөн. Бірақ шектеулер мен айыппұлдарға қатысты мемлекеттің де, қоғам белсенділерінің де ұстанымы көңілге қонымды болуға тиіс. Мәжбүрлеу шаралары болмаса, тәртіп орнату мүмкін емес екенін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Сондықтан мемлекеттің іс-әрекеттеріне түсіністікпен қараған жөн. Бұл орайда диалог арқылы қоғамдық келісімге келу керек. Қалай десек те, мемлекет заң тәртібін қамтамасыз ету үшін қабылдайтын шаралар өз елін күстәнәлауға себеп болмауға тиіс. Кейбір азаматтар елімізді мазак қылуға әуестеніп барады. Мысалы, өзге елдердің өкілдері жоқ жерде «керемет жетістіктерді, табыстарды» тауып алып, оны шет елге жан-жақты насихаттап жатады. Ал біздің азаматтар, олардың ішінде шоу-бизнес өкілдері, өзін-өзі «қоғам белсендісі» санайтын жастар, тіпті, депутаттар да бар. Қазақстанға неше түрлі лақап ат қоятын болды. Бұл енді мүлдем түсініксіз, ақылау сыймайтын нәрсе. Мемлекет басшысы тұжырымдағандай, басты мақсат — азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Президент Үкіметке алдағы жоспардың бәрін сапалы орындауды аманаттады. Нақты нәтижелер керек. Нәтиже болса ғана даму болмақ.

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сойлеген сөзінің толық мәтінімен газетіміздің www.aqshamnews.kz интернет-ресурсынан таныса аласыздар).

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: akorda.kz).



НАҚТЫ СЕКТОР

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫСПЕН КҮРЕС

Алматыда соңғы 3 жылда қанша нысан сүрілді?

Алматы – еліміздің ең ірі мегаполисі. Соңғы жылдары Алматы және Жетісу облыстарымен бірге Алматы агломерациясы деп аталады. Ірі мегаполисте миграциялық процесс қарқынды жүреді. Ішкі және сыртқы миграция, туу көрсеткіші нәтижесінде қала халқының саны жыл сайын артып келеді. Халық көп болған сайын тұрғын үй, кәсіпкерлік объектілеріне сұраныс та жоғары болады. Соңғы ондаған жыл бойы бұл сұраныс заңсыз құрылыстың пайда болуына әкелді.



(Дереккөз: Алматы қаласы әкімдігінің бастасөз қызметі).

Бақылаусыз миграциялық үрдіс 2000 жылдардан бері жылдам жүруде. Бұл қаланың инфрақұрылымына қосымша қысым. Қазір Алматыда бос жатқан жер жоқ. Бұл туралы қала әкімі Ерболат Досаев та тұрғындармен кездесулерде бірнеше рет айтқан. Алайда, жер болмаған соң кейбір азаматтар көзге түскен жерді заңсыз иеленіп, түрлі құрылыс жүргізуге әрекеттенеді. Бірақ заң мен тәртіп бар. Егер тұрғын үй құрылысы заңсыз жүргізілсе, онда салымшыларға кері әсер етуі мүмкін. Ал кәсіпкерлік нысан болған жағдайда кәсіп иелерінің өз жұмысын тоқтату қаупі жоғары.

2022 жылы 15 қарашада Алматы қаласы-

на Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен келген еді. Қоғам өкілдерімен кездескен Президент нүктелі құрылысқа тосқауыл қою туралы тапсырма берген болатын. Себебі, бірнеше жылдан бері белсенді азаматтар нүктелі құрылысты тоқтату туралы арыз-талаптарын айтып келді.

2022 жылдан бері қалада көптеген заңсыз құрылыс нысандары сүрілді. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев 2024 жылдың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша берген есебінде 11 айда 40 заңсыз нысан сүрілгені туралы хабарлаған. Олардың құны 18 млрд теңге. Жалпы нысан-

дарды сүру туралы 115 талап қойылған. Барлық процесс сот арқылы өтетіндіктен ол ұзаққа созылуы мүмкін.

Бұдан бөлек, нүктелі құрылыспен күрес барысында өткен жылы қала басқармасы 717 құқық бұзушылық бойынша ұйғарым шығарған. Сонымен қатар, осындай заңсыз әрекеттерді болдырмау мақсатында Алматы қаласының жаңа қала құрылысы регламенті мен құрылыс салу қағидалары әзірленді.

27 қаңтарда Алматының Қала құрылысын бақылау басқармасы әл-Фараби даңғылының солтүстігінде, Меңдіқұлов бульварының батысында аяқталмаған көпдеңгейлі

паркингті сүрудің басталғаны туралы хабарлады. 2007 жылы «СЕРТ» АҚ жалға алу учаскесінде 5 деңгейлі паркинг салуға кіріскен еді. Алайда, 2009 жылдың аяғынан бастап құрылыс-монтаж жұмыстары 1-2 қабат деңгейінде тоқтап қалған. 2015 жылы уақытша жер пайдалану құқығы да тоқтатылды. Содан кейін «Сейсмостройзащита» ЖШС мамандары объектінің тірек және қоршау конструкцияларына тексеру жүргізді. Сарапшылар негізгі тірек конструкцияларының техникалық жай-күйі туралы қорытынды берді. Зерттеу нәтижелері бойынша қолданыстағы конструкцияларды бөлшектеу ұсынылды. Басқарма аяқталмаған объектіні бұзу туралы сотқа талап-арыз берді. Соттың 2018 жылғы 25 сәуірдегі қаулысымен талап-арыздар қанағаттандырылды. Айта кету керек, бұл Медеу ауданында бөлшектелген екінші нысан.

Сондай-ақ, соттың шешімі бойынша Радлов көшесі, 9/1 учаскесі бойындағы аяқталмаған ғимарат та сүріле басталды. Естеріңізге сала кетейік, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың құрылысты бақылауды күшейту жөніндегі тапсырмасы аясында 2023 жылдың басынан бері 65 заңсыз нысан, оның ішінде «Мечта», KHAN және басқа да тұрғын үй кешендері толығымен немесе ішінара сүрілген болатын.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ЭКОНОМИКА

ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУ –
ЗАМАН ТАЛАБЫ

(Дереккөз: www.midjourney.com)

• Елімізде, 2024 жылы жалпы құны – 1,3 триллион теңгені құрайтын 180 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Аталмыш жобалар нәтижесінде осы саладағы өсім 6 пайызға жеткен.

• Алматы қаласында 2024 жылы индустриалды аймақта жалпы құны 25,17 млрд теңге болатын 10 жаңа жоба іске қосылып, 1319 жаңа жұмыс орны ашылды.

• Жалпы, Алматы қалалық индустриалды аймағының қатысушылары құны 556,8 миллиард теңге болатын 107 компания ашып, 14 496 жұмыс орнын құрған.

Артық бюрократия – экономикалық өсімге кедергі

Әлемде ешбір ел бюрократиялық шешім қабылдау барысынан бас тарта алмайтыны ақиқат. Десе де, кейбір жағдайларда басы артық, бір жұмысты екі рет қайталайтын бюрократиялық процестер инвестициялық жобаларды сәтті жүзеге асыруға айтарлықтай кедергі жасайды. Соңғы жылдары елімізде шетелдік инвестиция тарту бойынша іргелі шешімдер қабылданды. Мысалы, шетелдік инвесторлармен жұмыс жасауда бюрократиялық кедергілер мен құқықтық қарама-қайшылықтарды шешуді мақсат еткен, бюрократиялық штабтың құрылуы, былтырдың өзінде нақты нәтижелерге қол жеткізуге көмектесті. Алайда, ұлттық экономикамызға шет елдік инвесторларды тарту барысында мәселелер толық шешілді деп айта алмаймыз.

Мысалы, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында еліміздегі ведомствоаралық үйлестіруге әлі де көп уақыт кететінін атап өтті. Мемлекеттік құрылымдар арасында құжат айналымы шешім қабылдау мерзім-

дері қазірге дейін қажетті уақыттан көп уақытты талап етеді. Былтырғы 9 айда елімізге 12,7 миллиард доллар тікелей шет ел инвестициясы тартылды. Бұл көрсеткіш 2023 жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 36 пайызға кем.

Бюджет тапшылығы шетелдік инвестиция арқылы толығыатын болады

Президент бүгінде геосаяси және экономикалық мүдделердің Еуразия даласында қақтығыса түскен шағында Үкіметтің басты міндеті индустрияға болсын, ауыл шаруашылығына болсын, жалпы ел экономикасына жеке инвестиция тарту деп нақтылап өтті.

Расында да соңғы бес жылда Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс аймақтарындағы экономикалық санкциялар мен саяси өзгерістердің орын алуы әлемдік сауда айналымы тізбегіне өзгерістер алып келді. Сондықтан аумалы-төкпелі, өтпелі уақытта Қазақстанның Еуразия даласында экономикалық хабқа айналуға толық мүмкіндігі бар. Себебі, әлемнің кез келген елінің кәсіпкері үшін еліміз Еуропа пен Азияның түйіскен тұсында, тоғыз жолдың торабында кәсібін одан әрмен дөңгелетуге тиімді ықпал ететін болады. Себебі, әлем Қазақстанға зор сенім артады, бізді «орта держава» ретінде таниды. Алайда, бұл жоғары мәртебе тек сыртқы саясаттағы нақты нәтижелермен ғана емес, экономика, инвестиция, ғылым және технология салаларындағы жетістіктермен де бекітілуге тиіс. Себебі, қазіргі таңда экономика саласын ешбір өзге саладан бөліп қарастыруға болмайды. Сондықтан еліміздің көпвекторлы бағытта қалыптасқан сыртқы саяси доктринасы бүгінгі таңда экономикалық дипломатияға ұйысуда.

Алматы – инвесторлар мен стартаперлер бас қосатын алаң

Алматы қаласы тек елімізде ғана емес, Орталық Азия аймағында бүгінгі таңда инвесторлардың жиі бас қосатын, болашақтың идеяларын талқылап, талантты өнертапқыштар мен алымды инвесторлардың бірлесе жұмыс атқаратын ордасына айналғаны ақиқат. 2024 жылдың 11 айында қаламызға негізгі капиталға 1,5 трлн теңге инвестиция тартылғаны осының айғағы. Өнеркәсіп саласында Алматы Индустриалды аймағы маңызды рөл атқаруда. Сонымен қатар, қалада шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында шағын өндірістік парктар құрылуда. Мысалы, 2021 жылы жалпы құны 3,2 млрд теңгеден асатын төрт шағын өндірістік парк іске қосылып, 800-ден астам жұмыс орны құрылған еді. Бүгінде аталмыш парктар асында болашағынан үміт күттіретін бизнес жобалар сәтті жүзеге асуда. Алматы қаласында инвестиция көлемі білім беру саласында 84,7%-ға, көлік саласында 37,5%-ға және денсаулық сақтау саласында 31,3%-ға өсті.

Алматының инвестициялық тартымдылығының артуына инфрақұрылымның дамуы, қолайлы бизнес-климат және мемлекеттік қолдау шаралары ықпал етіп отыр. Аталған факторлар инвесторларға тұрақты және тиімді серіктестік орнатуға мүмкіндік беріп, еліміздің экономикалық әлеуетін арттыруда.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран» университеті.



ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНА – 30 ЖЫЛ!

НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕР, ЖАҢА ЖОБАЛАР

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясы 30 жылдық мерейтойын атап өтуде. Осыған орай, Алматыдағы Өңірлік коммуникациялар қызметінде ҚХА мүшелерінің қатысуымен брифинг ұйымдастырылды. Жиында мәдени орталықтардың этносаралық келісімді нығайтудағы рөлі талқыланып, мерейтойға арналған іс-шаралар жоспары таныстырылды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

жеткізілді. Жалпы көмектің көлемі 805 миллион теңгеден асты, ал бұл бастамаға 12 мыңнан астам ҚХА еріктісі қатысты.

«Қазақстан ұйғырларының республикалық мәдени орталығы» Қоғамдық бірлестігінің төрағасы Абдулхалил Долкунтай өз сөзінде ұйымның ең маңызды жетістіктерінің бірі – елдегі бейбітшілікті сақтау екенін атап өтті. Бұл – тұрақ-

тылық экономикалық, мәдени және әлеуметтік салалардың дамуының негізі.

«Бүгінде мемлекеттік тіл барлық этносты біріктіретін факторға айналды, бұған Қазақстан халқы Ассамблеясы айтарлықтай үлес қосты. Мемлекет Ассамблея арқылы этностардың тілі мен мәдениетін дамытуға қолайлы жағдай жасады. Ассамблея бүкіл қазақстандық қоғамды дамыту арқылы жалпымемлекеттік міндеттерді орындайды», – деді ол.

Брифингке профессор, тарих ғылымының кандидаты, Алматы қаласы ҚХА мүшесі Мендіғаным Шәймерденова да қатысты. Ол өз сөзінде ҚХА жанындағы ғылыми-сараптамалық кеңестер мен топтардың қызметі туралы баяндай келе, мұндай кеңестер Қазақстанның барлық қаласында жұмыс істейтінін айтты.

«Біз этносаралық және конфессияаралық өзара іс-қимыл мәселелерін талқылап, ғылыми мақалалардың тұсаукесерін, еліміздің дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті қайраткерлерге арналған халықаралық конференцияларды өткіземіз. Конференция жинақтары мен монографиялары дайындалып, оларды оқу орындары мен этномәдени бірлестіктер арасында таратамыз», – деді ол.

Сондай-ақ, спикер ақпан айында белгілі түркітанушы Ерлан Еспенбетовтің қатысуымен жастарды Қазақстанның мәдениеті мен салт-дәстүрімен таныстыруға бағытталған ірі ғылыми семинар өткізу жоспарланғанын айтты.

Алматыда Ассамблеяның мерейтойын мерекелеу аясында барлығы 400-ден астам түрлі іс-шаралар, соның ішінде республикалық және өңірлік форумдар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар, дөңгелек үстелдер, этномәдени фестивальдер мен қайырымдылық акциялары, шығармашылық кештер, спорттық турнирлер және т.б. жоспарланған. Қазақстандық бірегейлікті нығайтуға және мәдениетті дамытуға ықпал ететін жобаларға ерекше назар аударылмақ.

ЦИФРЛАНДЫРУ

АЛМАТЫ – ҮЛКЕН МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

«Digital Almaty» форумында ең өзекті мәселелер талқыланып, стратегиялық шешімдер қабылданады

Бүгінде Алматы цифрландыру бағыты бойынша мейілінше алға ілгерілеп барады. Шаһардағы ілкімді істер Орталық Азия елдері үшін сәтті тәжірибе алаңы болып тұр.



Суретті түсіріп Самат ҚУСАЙЫНОВ.

барша құжат, керекті сервис виртуалды көмекшінің арқасында жүзеге асады.

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары, IT мамандары мен өнертапқыштары бірлесіп цифрлық платформалардың игі өзгерістерін жасауға үлес қосып келеді. Соның арқа-

сында виртуалды контент, цифрлық платформа, электронды сервистер және т.б. жаңа технологиялық жүйе жаңғырып жатыр.

Бүгінде әлемде тың IT технология, нанотехнология, виртуалдан-дыру, цифрландыру үрдістері қарқынды күш алып келеді. Бұл бір жағынан жаһандануға бастайтын бірден-бір жол. Осындай жаңа терминдер нәтижесінде Smart city, smart hous, smartphone сияқты мега жобалар жыл өткен сайын түрленуде. Тақырыпты түздықтай түсу үшін сала маманының пікірін білген едік.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Almaty Digital Medical Center платформасын іске қосу бұл – платформаның бірегейлігін, жаңа дәуірге ұмтылып бара жатқандығымызды дәлелдей түседі. Дәстүрлі Digital Almaty форумында сәтті жобалар жүзеге асып, мегаполистің қарқынды дамуына зор септігін тигізіп жатыр. Қалада кез келген азамат тысқа шықпай, барлық қажеттіліктері электронды форматта ала алады. Соның нәтижесінде

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Мейіржан ӘУЕЛХАНҰЛЫ,
IT сарапшы:

Бірегей мега жоба

Алматыдағы цифрландырудың серпінді қарқыны мен «Digital Almaty» форумы – бұл қаланың заманауи технологиялар мен цифрлық трансформация бағытында қарқынды дамып жатқанын көрсететін маңызды бастамалар.

Алматы – Қазақстанның ірі қаржы, мәдени және технологиялық орталығы. Қалада цифрландырудың табысты іске асуы үшін бірқатар маңызды факторлар бар. Еліміздегі ең мықты IT кадрлар да осы шаһарда шоғырланған. Мұнда жоғары білім беретін жетекші университеттер бар, олар IT саласында мамандар даярлайды.

Стартап экожүйесіне келсек, қалада кәсіпкерлік пен стартаптар үшін жақсы экожүйе қалыптасқан. IT-хабтар мен акселераторлар (мысалы, Astana Hub, Almaty Hub) бұл процестерді жылдамдатуға

«Digital Almaty» форумы цифрлық күн тәртібіндегі ең өзекті мәселелерді талқылауға, инновациялық идеялармен бөлісуге және технологияларды енгізу бойынша стратегиялық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Форумның артықшылықтары неде?

Ең алдымен, халықаралық ынтымақтастық. Форумға әлемге аты мен заты белгілі көптеген шетелдік IT-компаниялар мен сарапшылар қатысады, бұл тәжірибе алмасуға және халықаралық нарықтарға шығу мүмкіндіктерімізді арттырады. Екіншіден, жаңа технологиялар таныстырылымы аясында жасанды интеллект, IoT, Industry 4.0 сияқты жаңа технологиялар талқыланып, олардың жергілікті инфрақұрылымға енгізілуі зерттеледі. Үшіншіден, бизнес пен биліктің байланысын негіздейтін бұл алаң цифрлық шешімдерді іске асыруда бизнес өкілдері мен мемлекеттік сектордың бірлескен жұмыс істеуіне жағдай жасайды.

Цифрлық трансформация саласында Алматы үшін келесі бағыттарға баса назар аудару маңызды:

- Ақылды қала концепциясы (Smart City): Алматының көлік жүйесін басқару, экологиялық мониторинг, цифрлық қауіпсіздік және денсаулық сақтау салаларын автоматтандыру.

- Цифрлық инфрақұрылымды дамыту: 5G технологиясын енгізу, бұлттық есептеулерді пайдалану және деректерді өңдеу орталықтарын құру.

- Білім беру және кадр дайындау: IT саласындағы білікті мамандарды даярлау бағдарламаларын жетілдіру.

Шаһарды цифрландыру аясында шағын және орта бизнеске жаңа нарықтар ашылады, қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыратын жаңа сервистер пайда болады. Инновацияларға қолдау көрсететін инвесторлар мен венчурлық қорлар тартылады. Дегенмен, әрине қауіп-қатерлер де жоқ емес. Мәселен, киберқауіпсіздік мәселелері. Сосын цифрлық теңсіздік пен кадр тапшылығы.

Алматыны цифрландыруға бағытталған бастамалар, оның ішінде Digital Almaty форумы, қаланы цифрлық трансформацияның аймақтық көшбасшысына айналдыру әлеуетіне ие. Алайда, тиімділікке жету үшін тұрақты инвестициялар, мықты кадрлық база және мемлекеттік-жеке серіктестік қажет. Бұл процесс Алматыны тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орталық Азия аймағындағы инновация орталығына айналдыруға мүмкіндік бермек.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Болат ОСПАНОВ,
Алматы қаласы ҚХА Ақсақалдар
кеңесі төрағасының орынбасары:

Ұйым қызметі азаматтық қағидаттар мен ортақ мақсаттарға негізделген

Ассамблея түрлі этностардың тоғысуына, бірліктің нығайуына және ұлттық бірегейліктің дамуына ықпал етті. Бейбітшілік пен келісім саясаты халықтың бірлігі – мемлекеттілікті қалыптастыру, нығайту және дамытудағы негізгі фактор екенін дәлелдеді. Ассамблея алғашқы жылдары елдегі этностардың мүддесін қорғау мақсатында құрылса, бүгінде ол барлық қазақстандық этностарды біртұтас халық ретінде біріктіру жолында маңызды жұмыс атқаруда. Бұл үдеріс азаматтық қағидаттарға, ортақ мақсаттар мен міндеттерге, сондай-ақ біріктіруші құндылықтарға негізделген.

ҚХА аясында көптеген бастама жүзеге асты. Олардың қатарында Аналар кеңесі, Ақсақалдар кеңесі, «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігі, «Жомарт жан» қайырымдылық орталықтары, медиация кеңестері, Жас ғалымдар клубы және еліміздің барлық өңірінде жұмыс істейтін 34 Достық үйі бар. Бұл азаматтық институттар елдегі этносаралық келісім мен әлеуметтік бірлікті нығайтуда маңызды рөл атқарып, мыңнан астам этномәдени бірлестікті ортақ іске жұмылдырды.

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ

«111» байланыс орталығы:

QR-КОД

көмек көрсетуге дайын

Еліміздің мектептері мен колледждерінде «111» байланыс орталығының QR-коды іске қосылып отыр. Бүгінде қоғамда бала құқығы, оның ортадан әлімжеттік көруі тақырыбы ақпарат кеңістігінде жиі бой көрсетіп жүр. Осыған орай, Оқу ағарту министрлігі Қазақстанның Бала құқықтары жөніндегі уәкілмен бірлесіп «111» байланыс орталығына қолжетімділікті арттыру үшін арнайы QR-кодтар енгізгенін хабарлады.

Рая
ЕСКЕНДІР

Сонымен, бұл орталық отбасы, әйелдер мен балалардың құқығын қорғауда құқықтық, ұйымдастырушылық және психологиялық тұрғыда көмек көрсететін болады.

Енді «111» нөміріне қоңырау шалу мүмкіндігінен басқа балалар мен олардың ата-аналары QR-кодтар арқылы да сұрау жібере алатын болды. Әрі мұндай кодтар барлық білім беру ұйымдарында, балалар үшін қолжетімді орындарда, сондай-ақ автобус аялдамаларында орналасқан. Бұл дер кезінде көмек алудың қолайлылығы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталып отыр. Министрліктің мәліметінше, былтыр «111» байланыс орталығына балалардан 1000-ға жуық өтініш келіп түскен көрінеді. Олардың барлығына анықтамалық ақпарат беріліп, психологиялық қолдау көрсетіліп, мемлекеттік органдармен ынтымақтастықта уақытылы көмек ұйымдастырылған. Еліміздегі «111» байланыс орталығының қызметі Мемлекет басшысы қабылдаған әйелдердің құқығы мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі заң аясында бекітіліп отыр. Жақын уақытта елімізде зомбылық құрбандарына көмек көрсету кабинеттері қызметінің бірыңғай моделі енгізілмек.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Насымжан ОСПАНОВА,
Оқу-ағарту министрлігі
Балалардың құқығын
қорғау комитетінің
төрайымы:

Ақпарат пен көмекті жылдам алуға мүмкіндік береді

Бұрын балалар байланыс орталығына тек телефон арқылы ғана хабарласа алатын, ал енді олардың QR-кодтар арқылы да сұрау жіберулеріне болады. Ең алдымен, мұндай мүмкіндік қолдауға жүгіну процесін айтарлықтай жеңілдетіп қана қоймай, оны неғұрлым ыңғайлы және қолжетімді етеді. QR-кодтар қажетті ақпарат пен көмекті жылдам және анонимді алуға мүмкіндік береді, бұл балалардың сауалдары мен мәселелеріне жедел ден қоюға мүмкіндік береді.



АРДАГЕРЛЕР

«ТАЗА ҚАЛА. ТАЗА САЯБАҚ»

Қолдарына күрек-қайла ұстаған қариялар қимылы ширақ

Бостандық ауданының ардагерлері
«Таза қала. Таза саябақ» атты игі бастама
көтеріп, көпке үлгі істі қолға алды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Суреттері түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жангелді СӘДЕНҰЛЫ,
Бостандық аудандық
Ардагерлер кеңесінің төрағасы:

АЛМАТЫНЫҢ ТАЗАЛЫҒЫНА
ҮЛЕСІМІЗДІ ҚОССАҚ ДЕЙМІЗ

Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан»
бастамасына үн қосып, «Таза Қала. Таза
саябақ» деген акция өткізіп отырмыз.
Мұндағы біздің басты мақсатымыз –
жастарға өнеге көрсетіп, үлгі болсақ дейміз.

Саябақ таза болса, қаламыз, төңірегіміз таза болады емес пе?
Сондықтан ауданның қариялары ақылдаса келе, тек көктем, күзде ғана
емес, қыста да осылай акция өткізіп отыруды шештік. Ауданымыздың
«Орбита-1, 2, 3, 4» және «Тауғұл» ықшамауданында, «Ботаникалық
бағында» қариялар қар күреп, белсенділік танытып жатыр. Бізді
ешкім мәжбүрлеп жатқан жоқ. Өзіміз осындай қадамға барып,
қаланың тазалығына үлесімізді қоссақ дейміз. Өйткені, бұл саябақ
барлығымыздың демалатын, серуендейтін демалыс орнымыз.

Рахым ӘБІЛХАНҰЛЫ,
Жастарды рухани және
патриоттық сезімге
тәрбиелеу жөніндегі
комиссия төрағасы:

ЖАСТАРЫМЫЗ
ЕЛІ МЕН ЖЕРІН,
ТІЛІН ҚҰРМЕТТЕСІН

Қазір менің жасым 79-да. «Кезінде еңбек еттік
қой, елге еңбегім сіңді» деп қарап отырғым келмейді.
Қазір қоғамдық жұмыстарға араласып, жастарға
үлгі көрсетіп жүрмін. Жастарымыз елі мен жерін,
тілін құрметтесін. Қазір өзі бір көштің соңынан
екінші көш келеді деген заман болды ғой. Біз сол екі
қоғамды да көрген адамдармыз. Жастарға дұрыс
тәрбие беруде жалаң сөзбен емес, іспен үлгі болайық.

Айжамал
КӨБДЕН,
Бостандық
ауданының
тұрғыны:

СЕРГЕКТІК
ҮШІН ДЕ ҚИМЫЛ КЕРЕК

Саябаққа жақын маңда тұрамын.
Осында жиі серуендеймін. «Таза
Қазақстан» аясында қар күреп, қаланың
тазалығына аз да болса үлесімді қосып
жатқаным сондай қуанып тұрмын.
Неге десеңіз, мен көпқабатты үйде
тұрғандықтан, қимыл-қозғалыс аз.
Сондықтан сергектік үшін де қимыл
керек дер едім.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

АЛМАЛЫДА
23 АУЛА ЖӨНДЕЛЕДІ

Алмалы ауданында биыл
«Халық қатысатын бюджет»
бағдарламасы аясында 45 жоба
іске асырылмақ, Соның
қатарында 23 аула
абаттандырылады.

Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

денсаулық сақтау және білім беру нысандары
орналасқан. Былтыр жергілікті тұрғындардың
өтінішімен арнайы үй жануарларын
серуендетуге арналған алаң салынды.

«Халық қатысатын бюджет»
жобасы шаһарымыздағы инфра-
құрылымды жақсарту үшін
маңызды әрі Алматының барлық
тұрғындары үшін қолайлы
жағдай жасауға көмектеседі.
Бағдарламаның тиімділігі мен
тұрғындардың қызығушылығын
ескере отырып, Алматы
қаласының әкімдігі оның дамуын
қолдауға ниетті. Биыл «ХҚБ»
жобаларына қала бюджетінде
17,1 млрд теңге қарастырылған.

ТУРИЗМ

Алматыда жаңа Medeu EcoPark салу жобасы ұсынылды. Бұл бастама
қала тұрғындары мен туристер үшін табиғатпен үйлесімді демалыс
кеңістігін қалыптастыруды көздейді. Қаламызда өткен баспасөз
конференциясында жоба авторлары экопарктің ерекшеліктерін
таныстырды.

МЕДЕУ ЕСОПАРК ЖОБАСЫ

Алматыда жаңа экопарк пайда болады

Ернұр
РЫСБАЙ

«Medeu EcoPark» жобасының бастамашысы,
кәсіпкер Теміржан Қадырбековтың айтуынша,
бұл жобаның басты мақсаты – табиғи ортаны
сақтай отырып, азаматтарға жайлы демалыс
орнын ұсыну екенін атап өтті. Жоба аясында
спорттық және мәдени алаңдар, сондай-ақ
экологиялық білім беруге бағытталған инфра-
құрылым қарастырылған.

Жобаның сәулеттік концепциясын әзірлеген
«Atlas Global» компаниясының қызметкері
Айдана Сәбитқызы саябақ аумағында құнды
өсімдіктер сақталатынын және табиғатқа
минималды әсер ететін шешімдер қолданы-
латынын айтты. «Біз табиғи ландшафтты
барынша қорғауға тырысамыз. Мұнда арша,
жабайы алма ағаштары мен жидек бұталары
өседі. Сондықтан экожүйені сақтап, эко-
логиялық білім беретін кеңістік құру
маңызды», – деді ол.

Жоба аясында спорт алаңдары, экоскоп-
тар, жүгіру және хайкинг маршруттары
қарастырылған. «Бұл – табиғатпен үйлесімді
спорт жасауға мүмкіндік беретін ерекше
кеңістік», – деді Дарья Коваленко, жоба
авторларының бірі. Ол сондай-ақ инклюзивті
орта құруға мән берілгенін атап өтті: «Балалар
мен қарт адамдар үшін ыңғайлы жағдай
жасау – біздің басты басымдықтарымыздың
бірі».

Балаларға арналған ойын алаңдары ерекше

назарға алынып отыр. Жоба авторлары
халықаралық тәжірибені зерттей отырып,
экологиялық ойын элементтерін енгізуді
жоспарлап отыр. «Еуропалық елдерде кеңінен
қолданылатын интерактивті экоскоптар
бізде де болады. Балалар табиғи материал-
дардан жасалған ойын аймақтарында дамып,
табиғатпен тығыз байланыста өседі», – деп
түсіндірді Д.Коваленко.

Саябақта экологиялық амфитеатр да
салынады. Бұл кеңістік жылы маусымда ашық
аспан астында мәдени іс-шаралар өткізуге
мүмкіндік береді. Жоба жетекшілері табиғи
ортаға зиян тигізбес үшін арнайы акустикалық
шешімдер қарастырылатынын мәлімдеді:
«Музыкалық жабдықтар мен микрофондар
табиғи балансқа зиян келтірмейтіндей етіп
орнатылады», – деді А.Сәбитқызы. Сондай-ақ,
Medeu EcoPark жобасының маңызды аспекті-
лерінің бірі – экологиялық жарықтандыру
жүйелері. «Біз жылулық спектрді ескере оты-
рып, табиғатқа зиян келтірмейтін жарық-
тандыруды қолданамыз», – деді спикер.

Бұл жоба Алматы қаласының эко-
логиялық ахуалын жақсартуға және
тұрғындардың салауатты өмір салтын
ұстануына ықпал етпек. «Біз Medeu
EcoPark-ті қаламыздың көркіне көрік
қосатын ерекше орынға айналдырғымыз
келеді», – деді Теміржан Қадырбеков.
Жобаның толық жүзеге асырылу мерзімі
алдағы уақытта нақтыланады.



«Алматы студенттер Альянсы»:

ЖОБА НӘТИЖЕЛЕРІ ЖАРИЯЛАНДЫ

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен «Алматы студенттер Альянсы» КҚ былтыр өткізген қала жастарының жай-күйі мен әл-ауқатын анықтау жөніндегі жобаның нәтижелерін жариялады.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Іс-шарада зерттеу жұмысының қорытындысы жан-жақты талқыланып, сарапшылардың ұсыныс-пікірлері тыңдалды. Алматы қаласы мәслихат депутаттары, жоғары оқу орындарының проректорлары, сонымен қатар үкіметтік емес ұйымдардың басшылары мен мүшелері, қоғам белсенділері, жас ғалымдар және әртүрлі саладағы сарапшылар қатысып, жастарды әлеуметтендіру мәселесін ортаға салды.

«Алматы студенттер Альянсының» атқарушы директоры Жасұлан Бостандықұлының айтуынша, мұндай жоба қалада тұңғыш рет өткізіліп отыр. Жобаға 3 мыңнан астам жас қатысып, арнайы әзірленген үш түрлі сауалнамаға жауап берді. Зерттеу барысында жастардың қоғамдық-саяси жағдайы, құнды-



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

лық бағдарлары, девианттық және делинквенттік мінез-құлық сияқты маңызды мәселелер қамтылды. Баяндамада жастардың қазіргі әлеуметтік жағдайы, олардың өзекті мәселелері мен болашаққа деген көзқарасы туралы толық түсінік берілген.

Алматы қаласында 2024 жылдың басында 14–34 жас аралығындағы жастардың саны 695,6 мың адамды (2023 жылдың басында – 683 мың, өсім 2%) немесе жалпы халық санының санының 31,2%-ын) құрады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрсұлтан БЕКҚАЙЫРОВ,
Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының жастарды әлеуметтендіру және жастар бастамаларын қолдау бөлімінің басшысы:

Іс нәтижесімен құнды

Жобаға әртүрлі санаттағы 14–35 жас арасындағы жастар қатысып, өздерінің пікірін ашық білдірді. Енді сол жобаның нәтижесі Жастар саясаты басқармасы жүзеге асырып жатқан жобалардың бағытын анықтауға көмегін тигізеді деп есептейміз. Себебі, басқарманың негізгі міндеттерінің бірі – жастарды әлеуметтендіру және оларды мемлекеттік бағдарламамен таныстыру. Жұмысқа орналастырып, олардың сабақтан немесе жұмыстан тыс уақыты пайдалы өтуі үшін арнайы жобалар қолға алынып, шаралар ұйымдастырылуда.

Жасұлан БОСТАНДЫҚҰЛЫ,
«Алматы студенттер Альянсының» атқарушы директоры:

Маңызды үш бағыт сараланды

Зерттеу жұмысын маңызды деген үш бағыт бойынша жүргіздік. Жастардың қоғамдық-саяси белсенділігі, олардың құндылықтары мен девианттық мінез-құлықты анықтау үшін сауалнама әзірленді. Оған барлығы 3066 респондент қатысты. Одан бөлек, он фокус-топтық группамен арнайы деректер жинақталған болатын. Соның негізінде талдамалық баяндама әзірледік. Алматы қаласындағы жастардың бүгінгі жай-күйі қандай деген сұраққа жауап алу мақсатында бүгінгі іс-шараны ұйымдастырып отырмыз. Аталмыш жоба Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы тарапынан ұйымдастырылатын түрлі шаралардың бастауына ұйытқы болары сөзсіз.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

КОМЬЮНИТИ-ОРТАЛЫҚТАР

алматылық жастардың сүйікті орындарының біріне айналды

Қаламыздың әр ауданында былтыр жастарға арналған комьюнити-орталықтары іске қосылды. Осы жылы Алматыда комьюнити-орталықтардың саны 16-ға жетеді. Мұндай игі бастамалар «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалары» аясында жүзеге асып отыр.

Досбол
АТАЖАН

Көпфункционалды бұл орталықтар бір жыл ішінде алматылық жастардың сүйікті орындарының біріне айналды. Себебі, мұнда жас азаматтарға психологиялық және заңгерлік көмек көрсетіледі, жұмысқа орналастыру, мемлекеттік бағдарламалар, кәсіптік бағдар беру, қаржылық сауаттылықты оқыту, тілдік курстар мәселелері бойынша консультациялар беріледі.

Сондай-ақ, комьюнити-орталықтарда білім беру және мәдени іс-шаралар өтеді, би залдары, дыбыс жазу студиялары және TikTok аймақтары жұмыс істейді. Бұдан басқа, өткен жылдан бастап әрбір комьюнити-орталықта қазақстандық өндірістің фандоматтары – оларды одан әрі өңдеу үшін пластикалық бөтелкелер мен алюминий банкаларды жинау аппараттары орнатылды. Ал биыл кітап беруге арналған заманауи автоматтар қойылды. Комьюнити-орталыққа келген жастар автономды кітапханалардан оқыр-

ман билеті арқылы қажетті кітаптарды алып, білім нәрімен сусындай алады.

Өткен жылы мегаполисте 380 мыңнан астам жастарды қамтитын дәрістер, семинарлар, экоакциялар, зияткерлік ойындар, акустикалық кештер, викториналар мен квиздер, шеберлік сыныптары, үстел ойындары және спорттық турнирлер түрінде 1,7 мыңнан астам іс-шаралар өткізілген. Одан бөлек, 12 мыңнан астам адам кеңес алып, оның ішінде жұмысқа орналастыру бойынша – 4,7 мың, қысқа мерзімді курстар бойынша – 3,3 мың, психологпен және заңгерден 2 мыңнан астам құқық кеңес алған.

Барлығы 2024 жылы Алматы комьюнити-орталықтарына 112 мыңнан астам жас қыз-жігіттер келді. Биыл шаһарда қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша әр ауданда 16-ға дейін – әр ауданда екіден комьюнити-орталықтар пайда болмақ.

Комьюнити орталықтардың мекенжайы:

– Әуезов ауданы – «Мамыр-1» ықшамауданы, 26/1;

– Алатау ауданы – «Саялы» ықшамауданы, 73;

– Медеу ауданы – Назарбаев даңғылы, 36;

– Алмалы ауданы – Байтұрсынов көшесі, 22/1;


– Түркісіб ауданы – «Жас қанат» ықшамауданы, 49 А;

– Бостандық ауданы – Абай даңғылы, 164 «Терракота» ТК;

– Жетісу ауданы – Боткин көшесі, 18/1;

– Наурызбай ауданы – «Шұғыла» ықшамауданы, 343/7.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Тогжан ДАУЫЛ,
Бостандық ауданы
Комьюнити-орталығының директоры:

Мен Бостандық ауданының комьюнити-орталығында 2024 жылдың басынан бері жұмыс істеп келемін. Біздің орталықта көптеген қызмет түрлері бар. Олардың бірі – қала жастарына жұмысқа орналасуға көмектесеміз. Сонымен қатар, орталықта тұрақты жұмыс істейтін заңгер мен психолог бар. Оларға қызметіне орталыққа келіп не Jasalmaty.kz порталы арқылы жазылуға болады. Айта кетейін, Jasalmaty.kz порталы арқылы ниет білдірген адамдар онлайн курстардан өте алады, онда 40-қа жуық тегін бағыттары бар. Бізде заңгердің құқықтық кеңестеріне сұраныс жоғары: жастар микрокредит, қарыз, мемлекеттік грантты өтеу секілді мәселелермен жиі жүгінеді.

Одан бөлек, жастар мұнда келіп жұмыс істей алады. Бізге студенттер жиі келіп, өздерінің дипломдық жұмыстарын жазады. Осы жерден онлайн жұмыс істейтін адамдар да бар. Себебі, орталықта тегін интернет, коворкинг аймақ, кездесулерге арналған бөлмелер бар. Жалпы, комьюнити-орталықта жастардың ұйымдары жиі іс-шаралар өткізеді. Адамдар бір-бірімен танысып, жаңа орта табады, бірге жаңа жобалармен айналысады. Жалпы, Jasalmaty.kz порталындағы мәліметтерге сүйенсек, бізге күніне 150–200 адам келеді.



Нұрдан ӘБДІКЕРІМ,
IT маман әрі студент:

Мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистратурасында білім алатын студенттің әрі IT компанияда жұмыс істеймін. Жастарға арналған орталықтардың ашылғанын әлеуметтік желіде 1 жыл бұрын естігенмін, алайда аса мән бермедім. Былтыр жыл соңында тегін WI-FI бар, жұмыс істеуге ыңғайлы болатын орын іздедім. Ондай кезде көбісі дәмханаларға барып отырады. Бірақ маған адамдар әрі-бері жүрген жерде жұмыс істеу қиын. Сол тұста есіме жастарға арналған орталықтар түсті. Картадан іздеп көрсем, үйіме жақын жерде Наурызбай ауданының комьюнити-орталығы бар екен. Барып көрсем, іші жақсы жабдықталған, кездесу өткізуге де, жұмыс істеуге де мүмкіндік бар. Ішіндегі жастар да бостан-бос жүрген жоқ, әркім өз ісімен айналысады. Сол уақыттан бері бос уақытыма орталыққа келіп, жұмыс істеп, қажетті тапсырмаларымды орындап аламын. Мұндай орындардың ашылуы жастар үшін шынында керемет мүмкіндік деп ойлаймын.



ИЛИАС ЕСЕНБЕРЛИН – 110

16 ЖЫЛДА – 15 РОМАН

Ұлт рухын көтерген халық жүрегіндегі
қаламгерге арналған әдеби-танымдық
кеш өтті

Мемлекет басшысы тарихымызға қатысты атаулы даталар мен белгілі тұлғаларымыздың мерейтойларын жоғары деңгейде атап өту ұлттық бірегейлікті нығайту жолындағы маңызды қадам екенін үнемі айтып келеді. Иә, соңына қалдырған ізі ешқашан жоғалмайтын, аты да мәңгілік болып қалуға тиіс тарихи тұлғалар ұлт руханияты мен мәдениетінің алтын арқауы болатыны сөзсіз.

Нұржамал
ӘЛШІ

Танымдық кешке филология ғылымының докторы Әнуар Тарақ, мәдениеттанушы, филолог, суретші, музыкант Бердалы Оспан, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының орынбасары Жомарт Жәнісұлы және журналист, республикалық «Ақ желкен» журналының Бас редакторы Есей Жәнісұлы келді.

Іс-шара барысында Илияс Есенберлиннің өмірі мен шығармашылығы туралы құнды деректер мен ақпараттар айтылды. Кеш қонақтары ақын туралы сырлы естеліктерімен бөлісті. Қаламгер 16 жылда 15 роман дүниеге әкелген. Алғаш рет 1976 жылы «Көшпенділер» атымен жарық көрген трилогия орыс тілінің өзінде 12 рет басылып, 1,5 миллион тиражбен тарады. Жалпы, «Көшпенділер» трилогиясы әлемнің 30 тілінде жарық көріп, 50 рет қайта басылған.

Бұл кеште жастар қатарының көптігі көз қуантты. Олардың қонақтардың әңгімесін ұйып тыңдағаны да сүйсінтті бізді. Танымдық кездесуге Алматыдағы Ә.Шәріпов атындағы №16 жалпы білім беретін мектеп пен І.Есенберлин атындағы №25 гимназияның оқушылары келді. Сондай-ақ, әл-Фараби атындағы Қазақ университетінің студенттері қатысты. Аға буын мен жас буын кітапхана залынан орын алған жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған «Халық жүрегіндегі қаламгер» атты кітап көрмесін тамашалады.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жомарт ЖЕҢІСҰЛЫ, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының орынбасары:

ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТТІ

Негізі, қазір қанша жерден технология заманы десек те, кітаптың орны бөлек. Әсіресе, Илияс Есенберлиннің тарихи туындыларының орны бір бөлек. Тарих дегеніміз – идеологияның іргетасы ғой. Тарих арқылы жаңа адам тәрбиелейміз, балалар тәрбиеленеді, елдің ұлттық идеологиясы қалыптасады. Сонау жетпісінші, сексенінші жылдары, Кеңестік империяның, коммунистік идеологияның қайнап тұрған кезінде халықты рухтандырған, ұлтқа қызмет еткен осы Илияс аталарыңыздың еңбектері. Бәріміз оқыдық. Бірақ өкінішке орай, қазір осындай еңбектер аз. Біздің институтта көп кітап жазылды. Бірақ көбі академиялық ғылыми тілмен, түрлі сілтемелермен жазылатындықтан сіздер сияқты жастарға оқуға, түсінуге ауырлау соғуы мүмкін. Сондықтан Жазушылар одағындағы қаламгерлермен бірігіп, сондай кітаптарды әдеби көркем тілмен жеткізуіміз керек. Балалар ұғымына сай бөлек жазылғаны тіпті жақсы. Мысалы, мен Иранда көп уақыт қызметте болдым. Сонда байқағаным, Фирдоуси, Хафиз, Сади сынды тұлғалар туралы еңбектерді ересектер мен жастарға бөлек, балаларға бөлек шығарады екен. Осы тәжірибе бізге де керек.

Есей ЖЕҢІСҰЛЫ, республикалық «Ақ желкен» журналының Бас редакторы:

ЖАНКЕШТІ ТАҒДЫР

Өмірде ешнәрсе кездейсоқ болмайды. Илияс аталарыңыз балалар үйінде өскен. Жетімдіктің зарын тартқан. Жанкешті қаламгердің тағдыры оңай болмаған. 1937 жылы атылып кеткен әділет халық комиссары Хамза Жүсіпбековтың қызына үйленіп, қайын енесін АЛЖИР-ден алдырғаны үшін НКВД-ның назарына ілігіп, 1949 жылы 10 жылға бас бостандығынан айырылды. Сөйткен адамның көкірегінде қазақтың тарихы, оны жаңғырту идеясы жүрген. Өзінің негізгі мамандығы тау-кен инженері. «1945 жылдан бастап мен «Көшпенділерді» көкірегімде әлдилеп жүрдім» дейді естеліктерінде. «Жазушы» баспасына директор болған жылдары белгілі қаламгерлеріміздің «Абылай хан», «Батыр баян», «Кенесары» шығармалары шықты. Софы Сматаевтың «Елім-айы», Мұхтар Мағауиннің «Аласапыраны» жарық көрді. Сол арқылы әдебиетімізге, әдебиет арқылы ұлттық санаға кең өріс ашып берді. Сондықтан балалар, өздеріңді кітап оқуға, қазақтың жанын тарихи шығармалар арқылы тануға шақырамын.

ҚАДЫР МЫРЗА-ӘЛІ – 90

«АДАМ ЖАНЫНЫҢ СУРЕТКЕРІ»

Алматы мемлекеттік архивінде Қазақстанның халық жазушысы, ақын Қадыр Мырза-Әліні еске алу кеші өтті. Рухани мазмұны бай іс-шара ақынның 90 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған болатын. «Қадыр Мырза-Әлі» қоғамдық қоры мұрындық болған іс-шара «Адам жанының суреткері Қадыр Мырза-Әлі» деп аталды.

Іс-шараға Алматы қаласының зиялы қауым өкілдері, ақынның туған-туыстары, сондай-ақ студенттер мен мектеп оқушылары қатысты.

– Қадыр Мырза-Әлі – Алматы қаласы Мемлекеттік архивінің №662 қор иегері. Ардақты ақынның Орал қаласында мұражайы бар. Негізінен, барлық құжаттары мен қолжазбалары осында, біздің архивте сақталған. Ақынның 90 жылдық мерейтойына орай, фотокөрме және мерекелік кеш ұйымдастырып отырмыз, – деді Алматы мемлекеттік архивінің директоры Абзал Ботанов.

Еске салу кешінде эстрада әншілерінің орындауында ақынның сөзіне жазылған әндер шырқалды. Сондай-ақ, оның замандастары естеліктерімен бөлісті.

– Осыдан 14 жыл бұрын Қадыр ағамыздың үлкен жүрегі тоқтағаны белгілі. Бірақ сол күннен бастап Қадыр ағамыздың екінші ғұмыры басталды. Бізге аманат ретінде әдеби мұрасы қалды, ақынның ұшан-теңіз поэзиясын, қасиетті қаламынан туған дүниелерді халық арасында насихаттау,

«АҚШАМНЫҢ» анықтамасы:

Қазақстанның халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, ақын Қадыр Ғинаятұлы Мырзалиев 1935 жылы 5 қаңтарда Орал облысының Жымпиты кентінде дүниеге келген. 1958 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің Филология факультетін тәмамдаған. Оның тұңғыш туындысы 1954 жылы республикалық «Пионер» балалар журналында жарияланған. Қадыр Ғинаятұлы еңбек жолын сол кезде жаңадан ашылған «Балдырған» балалар журналынан бастаған. Әр жылдары «Жұлдыз» журналы редакциясында поэзия және сын бөлімінің меңгерушісі, жсауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, «Жазушы» баспасында қазақ поэзиясы бөлімінің меңгерушісі, «Балауса» баспасының редакторы, кейін Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясының кеңесшісі болған. 1966 жылы «Ой орманы» жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығы берілді. 1980 жылы «Жер-ұйық» жыр кітабы үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. 2001 жылы Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығын алды.

жастарға жеткізу бағытында үлкен жұмыс істеу керек, – деді «Қадыр Мырза-Әлі» қоғамдық қорының директоры Донеңді Қажымов.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

АССАМБЛЕЯ – 30

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы мерейтойы қарсаңында, Түрікмен мәдени орталығының 30 жылдығы, сондай-ақ, Түркі халықтары мәдениет қоры мен «Түркі Әлемі» газетінің 25 жылдығына арналған «Бірлігіміз – әралуандықта» атты мерейтойлық іс-шара ұйымдастырылды.

«БІРЛІГІМІЗ – ӘРАЛУАНДЫҚТА» атты мерейтойлық іс-шара өтті

Іс-шараның басты мақсаты – түрікмен этносының тарихы мен мәдениетімен таныстыру, ұлттық-мәдени дәстүрлерді сақтау және мәдениетаралық диалогты нығайту. Сонымен қатар, бұл іс-шара Қазақстан халқының бірлігін, достық пен ынтымақтастығын дамытуға бағытталды десек те болады.

Шара барысында фольклорлық қолданбалы өнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылып, оған түркі мәдениетінің ұлттық киімдері қойылды. Ұйымдастырушылар келген қонақтарды дәмді тағамдарын ұсынып, қарсы алды. Концерттік бағдарлама да өз көрермендеріне жақсы көңіл-күй сыйлаған кеш қазақтың «Алтын ұя» күйімен ашылды.

Іс-шараға Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Лугмар Буларов, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің төрағасы Ғалым Шойкин, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Алматы қаласындағы өкілдігінің басшысы Жәнібек Әбдірашов, Орталық Азия елдерінің консулдары, Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының басшысы Айдар Есенбеков қатысты.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Құрылтай мүшелері, республикалық және қалалық этномәдени бірлестіктердің басшылары, зиялы қауым, қоғам өкілдері, жастар және ЖОО студенттері қатысты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Лугмар БУЛАРОВ, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары:

«Біз бүгін Түрікмен мәдени орталығының 30 жылдығы мен Түркі халықтары мәдениет қорының, «Түркі Әлемі» газетінің 25 жылдығын атап өту үшін жиналып отырмыз. Бұл мерейтойлар осында отырған әрқайсымыз үшін ерекше маңызға ие. Әрине, этноаралық татулық пен мәдениеттердің ұштасуы – біздің ортақ байлығымыз. Қазақстанның көпэтникалық қоғамы мен бірлігі – ұлы құндылығымыз, бұл ынтымақтастық бізге үлкен күш пен серпін береді».

Айдар ЕСЕНБЕКОВ, Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының басшысы:

«Алматы қаласының әкімдігі атынан баршаныңды шын жүректен осындай қуанышты күнмен құттықтаймын! Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығын тойлай отырып, біз алдағы уақытта осы салада үлкен жоспарлар мен бастамаларды жүзеге асыруды көздеп отырып, бұл салада болашақта жоспарларымыз көп екенімен бөліскім келеді. Біздің мақсатымыз – көпұлтты және көпмәдениетті қоғамды одан әрі дамыту, ұлттар арасындағы достықты нығайту».

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ



ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР



«Алатау» дәстүрлі өнер театры жұртшылық назарына кезекті қойылымын ұсынды. Жанры – реквием. Жаңа туынды тарихымыздағы сал-серілік салтанатты кезеңнің, асқақ романтизм дәуірінің көрнекті өкілі Біржан салдың әндеріне негізделген. Аты да сал Біржанның «Теміртас» әнімен аталған. Жаңа сахналық қойылымның режиссері – «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, белгілі театр режиссері Фархад Молдағали.



БІРЖАННЫҢ «ТЕМІРТАСЫ»

қазақ ән өнерінің құдіреті мен құндылығын жырлайды



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Теміртас» – қазақ домбырасының реквиемі, ұлттық мұрамыздың философиялық үн қатуы. Бұл ұжымдық жұмыс көрерменді терең ойға жетелеп, мұңға батырып, санасын сілкіді. Жанры реквием болғандықтан, өнердің бірнеше бағыты қамтылған. Атап айтқанда, этно-фольклорлық ансамбль мен хореографтарға, Біржанның жұрт біле бермейтін, ұмытылып бара жатқан әндеріне баса назар аударған. Сахнада дәстүрлі әншілер де, бишілер де, актерлер мен ансамбль мүшелері де өнер көрсетеді. Спектакльдің режиссері Фархад Молдағали, пластика режиссері Адлет Таменов пен композиторы Серікжан Айтқалидің бірлесе атқарған тырнақалды еңбегі көрерменге өзгеше ұсынылған.

Қазақтың тағдырлы тарихында әннің сөзі мәнсіз, ойсыз айтылып, мұнсыз жырланбаған. Кейде бір әннің бір ғана шумағы елдің бар мұңын, сырын жеткізе алады. Сондай әндердің бірі – Біржанның «Теміртасы». Бұл – Біржанның соңғы әні, ақтық сөзі. Қойылым кезінде ақынның ғана емес, бүкіл қазақтың мұңнамасына айналған әндер сыр шертеді. Біржанның тағдыры, зұлымдыққа, әділетсіздікке қарсы күрескен ғұмыры халық санасында мәңгі өмір сүреді.

Шығарма тарихи драма емес, оған заманауи қойылым ретінде рең берген театр ұжымы: «Бұл спектакльде қазақ халқының рухани дүниесінің тұмары болған домбыраның құдіреті мен Алты алашқа аты шыққан тұлғаның өлмес мұрасы жаңаша өрнектеледі», – дейді.

«Теміртас» қойылымынан адами болмысты іздеудің қажеті жоқ. Өйткені, бұл жерде кейіпкер – адам емес. Әдетте, тұлғаның атымен аталған шығармалардан көрермен оның дүниеге келуі, өмір сүруі, өлімі, яғни тал бесіктен жер бесікке дейінгі көріністерді күтеді. Бірақ осы жолғы қойылым мүлдем басқаша сипат алған. Мұнда басты кейіпкер – домбыра, әуен және ән. Домбыраның қоңыр үні мен Біржанның әндері арқылы тарих сөйлейді, ұлы даланың үні естіледі.

Спектакльдің авторы Бақыт Беделханның айтуынша, ханның соңы – Кенесары болса, салдың басы – Біржан болған. Оның әндерінен қазақтың тағдырын, тарихын еске алуға болады. Жанры жаңа, формасы бөлек, қиындығы қиямұңды өзгеше дүние болғалы тұр.

«Елім-айдың» өзі Ақтабан шұбырындының бүкіл мұң-қайғысын арқалап тұрған ән. Дәл сол сияқты тарихымызды тәпсірлеп, тамырын басатын талай ән бар. Қойылымның атын «Теміртас» деп алғанымызбен, сахнада Біржанның «Жанбота», «Айтбай», «Көкек», т.б. әндері шырқалады. Бір «Теміртас» әні ашаршылық, репрессия, соғыс, полигон, кешегі Желтоқсан, тіпті, Жаңаөзен мен Қаңтар оқиғасына дейінгі дүниені қамтитын ән екенін білеміз, түсінеміз. Себебі, «Теміртас, Асыл, Ақық – екі қарғам, байлаулы арқандағы қолымды шеш» дегенінде сол арқан қолымызға әлі батып жүргені ақиқат. Соның бәрі осының астарында айтылады деп ойлаймын», – деді автор.

Ал театрдың көркемдік жетекшісі Нәсіпжан Басшыбай: «Бұл – дәстүрлі театр қоржынындағы он алтыншы қойылым. Құрылғанына әлі он жыл бола қоймаған жас театрдың алдында ұлттық өнерімізді дәріптеп, бабалардан қалған аманатты ары қарай жалғастыру міндеті тұр. «Дәстүрдің сақталмауы – ұлттың жойылуы» деген сөз бар. Орталық Азиядағы тұңғыш жалғыз дәстүрлі театр екенін мақтан тұтамыз. Осындай үлкен туындыларды, тарихи тұлғаның әндерін сахнаға алып келу – ұжым үшін үлкен мәртебе. Жас та, үлкен де түсініп көретін тамаша туынды деп есептеймін.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Фархад МОЛДАҒАЛИ, қоюшы-режиссер:

ӘКЕМНЕН ЕСТІГЕН ӘНДІ САХНАҒА ӘКЕЛДІМ

Soundrama жанрының негізін қалаушы режиссер – Владимир Николаевич Панков. Қазір бізде ұстаздың жанр деп ойлаймын. Қазақтың фольклорына, дәстүрі мен ұлттық аспаптарына, жалпы біздің өмірімізге дәлме-дәл келетін жанр болғандықтан, сол жағынан көбірек жұмыстанып жатырмыз. Дәл осы театрда қоямыздың өзі тегін емес. «Алатау» дәстүрлі өнер театрында бәрі бар – дәстүрлі әншілер де, хореографтар да, актерлер де, ең кереметі мұнда ансамбль бар. Барлығының басын қосу мақсат болды. «Теміртас» – soundrama жанрындағы алғашқы жұмысым емес. Бұған дейін «Құлагерді», «Қаракөзді», осы театрда «Мәмлүкті» қойдық.

Ал бүгінгі қойылымға келер болсақ, бұл жерде пьеса жоқ. Бұл жерде сөз аз, аз болса да саз. Біржан салдың өмірі жайлы спектакль емес екенін де айта кету керек. «Теміртас» әнінің қазір де өзекті екенін көрсетіп, оның шынымен реквием тектес ән екенін дәлелдеу басты мақсатымыз болды. Туындының он бойында қазақтың тарихы мен қазіргі уақытқа дейінгі өмірі жатыр. Өте қиын әрі ауыр жұмыс болды.

Тұсаукесері желтоқсан айында өту керек еді, біз ол уақытқа үлгермедік. Меніңше, мен бұл туындыға он бес-жесірме жыл бойы дайындалған сияқтымын. Өйткені, кішкентай кезімнен «Теміртас» әнін естіп өстім. Әкем марқұм Біржанның осы әнін үнемі айтып отыратын. Қолына домбырасын ала қалса, «Теміртасты» айтып беруін сұрайтынмын. Соның барлығы маған бүгінгі күннің нәтижесі сияқты көрінеді. Сондықтан бұл жерде менің де кішкентай болшегім бар деп айтуға болады. Бала күнімнен жүрегімді әлдилеген, әкемнен естіп өскен әнді үлкен сахнаға әкелгеніме қуаныштымын.

Серікжан АЙТҚАЛИ,
қойылымның композиторы:

СӨЗ, ӘУЕН, ӘН, ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС – БӘРІ БІР СӘТТЕ ТОҒЫСАДЫ

Әндерді таңдау жағдайынан біраз қиындық болды. Біржанның көбі біле бермейтін, тіпті оның әні деп айтылмай жүрген әндері көп. Сондықтан дәстүрлі әншілермен ақылдасып, әндерді тыңдап, талдап, тарихымен таныстық. Ән қойылымның дәл сол сахнасына лайық екеніне мән беру – бірінші жұмыс болды. Екіншіден, фольклорымыз бен төл аспаптарымыздан шыққан үн арқылы сахнаға қимыл-қозғалыс беруге тырыстық.

Дәстүрлі әнді сахнаға шығарып, әншілер мен актерлерді, бишілерді бір жолға тоғыстыру қиын процесс болды. Қойылымдағы барлық ән мен әуенді он өнерпаз жесірме шақты аспап арқылы сүйемелдейді. Біреуі бірнеше аспапта ойнайтын мультиинструменталистерден құралған ансамбль Қазақстанда дәстүрлі театрдан басқа ешбір жерде жоқ. Сөз, әуен, ән, қимыл-қозғалыс – бәрі бір сәтте тоғысады. Қойылымның басынан аяғына дейін әуен тоқтамайды.



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Алматыда 31 қаңтар мен 1 ақпан аралығында Атакент көрме кешенінің алаңында өтетін форум жұмысы «Industrial AI: жаңа дәуірге арналған технологиялар» тақырыбы аясында өрбімек. Шаһар жасанды интеллектті дамыту бойынша идеялар мен жобаларды көрсетудің негізгі алаңына айналады. Жыл сайын жеке инвестициялар есебінен өткізілетін шара биыл жетінші рет ұйымдастырылмақ.

BIGTECH КОМПАНИЯЛАРЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖИ ОРТАЛЫҒЫНА ТARTY YШІН TIIMДІ AЛAҢ

Жалпы, 2024 жыл еліміз үшін жасанды интеллект саласындағы маңызды бастамалар жылы болды. Жасанды интеллект комитеті құрылды, 2024–2029 жылдарға арналған Жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасы бекітілді, қазіргі уақытта заң жобасы әзірленуде. Сондай-ақ, KazLLM жеке тілдік моделі әзірленді, ол бірқатар технологиялық шешімдер үшін негіз болады.

ЦДИАӨМ Жасанды интеллект және инновацияларды дамыту комитетінің төрағасы Ғиззат Байтұрсынов мәлімдегендей, тілдік моделді қолдану IT-қызметтердің ішкі нарығын дамытуға ықпал етпек.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ


Ғиззат
БАЙТҰРСЫНОВ,
ЦДИАӨМ
Жасанды
интеллект және
инновацияларды
дамыту
комитетінің
төрағасы:



ЕЛ БОЛАШАҒЫ YШІН МАҢЫЗДЫ

ALEM.AI орталығы ғылым, өнеркәсіп, креативті индустрия және мемлекеттік қызметтер сияқты негізгі салаларда технологияларды дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, Орталық инвестицияларды тарту және стартаптарды қолдау үшін ЖИ экожүйесін құруға ықпал етеді. Қазіргі уақытта Министрлік ғылыми-зерттеу жобаларын жүргізу және жаңа ЖИ өнімдерін әзірлеу үшін Telegram, TON, Tether, Enrive, Google және т.б. сынды компаниялардың орталығында кеңселерді орналастыру туралы келіссөздер жүргізуде. Мемлекет басшысы жасанды интеллектті дамытудың ел болашағы үшін маңыздылығын бірнеше рет атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев тұжырымдағандай, бұл енді ғылыми фантастика емес, алдағы шындық. Орталық Азиядағы ең ірі цифрлық форум – Digital Almaty 2025 біздің өміріміздің әр саласына енген дәл осы жаңа шындыққа арналады.

Дания
АХМЕТОВА,
Инновациялық
технологиялар
паркінің
басқарушы
директоры:



AI-ШЕШІМДЕР YСЫНЫЛАДЫ

Іс-шара экономиканы дамыту және жасанды интеллект саласындағы озық технологияларды ұсыну үшін шешімдер іздеудегі маңызды кезең болады. Digital Almaty өнеркәсіптік экожүйелерге, экономикаға, қаржы саласына, ESG, медицинаға, білімге және киберқауіпсіздікке AI құралдарын интеграциялау мүмкіндіктерімен таныстыратын ауқымды іскерлік бағдарламаны ұсынады. Форум алаңында өндірістерді трансформациялайтын «ақылды» фабрикаларды дамыту, жаңғырту мен автоматтандыру сынды AI-шешімдер ұсынылады. Өткен жылы Astana Hub Қазақстанда жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды дамытуға бағытталған бірқатар бастаманы сәтті іске қосты. Мамандарды тартуға, жаңа кадрларды оқытуға және инновациялық жобаларды іске асыру үшін қажетті жағдай жасауға ерекше назар аударылды. Біз 3 жаңа номинацияны енгіздік.

Форумда FIRST Tech Challenge-нің республикалық кезеңі өтеді. Жеңімпаздар Қазақстанда халықаралық жарыстарда таныстыруға мүмкіндік алады, сондай-ақ дрондар футбол лигасы өтеді.

Басты шаралардың бірі – Industry AI Battle. Бұл – AI және цифрлық трансформация саласындағы стартаптар жарысы. Қатысушылар 60 мың долларды құрайтын жүлде қоры мен форум серіктестерінің гранттары үшін жарысады. Дәстүрлі стартаптар аллесаы 80-нен астам инновациялық жобаны ұсынады, бұл мыңдаған қонаққа, соның ішінде инвесторларға Қазақстанда ұсынылған жаңа идеялар туралы ақпарат алуға мүмкіндік бермек.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz).

Орталық Азиядағы цифрлық ең ірі форум

Бүгінде жиналған 148 млрд токенде модельдік жаттығулар белсенді жүргізілуде. KazLLM базасында eGov және басқа платформалар үшін AI-көмекшілерді қоса алғанда, AI өнімдері әзірленіп жатыр.

AI қозғалысының негізгі кезеңі – alem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығының құрылуы Astana Hub дамуына айтарлықтай серпін бермек. Ал Digital Almaty 2025 форумы BigTech компанияларын халықаралық ЖИ орталығына тарту үшін тиімді алаң болмақ.

Халықаралық алаңда ЕАЭО елдерінің үкімет басшылары, сарапшылар, жер қой-

науын пайдаланушылар, бизнес және IT-индустрия өкілдері өңірдің инновациялары мен цифрлық перспективаларының болашағын талқылау үшін жиналады.

Digital Almaty форумына келіп қатыса алмағандардың барлығына алғаш рет бірегей виртуалды көрме ұсынылады. Көрмеге кіру сілтемесі форумның ресми сайтында орналастырылады.

Екі күндік іс-шараға 40 мыңнан астам адам қатысады деп күтілуде. Сондай-ақ, жасанды интеллект тақырыбында панельдік пікірталастар жүргізілетін залдар жұмыс істейді. Отандық сарапшылар мен

әлемдік IT-алыптардың CEO ЖИ енгізу тәжірибесімен бөліседі. 21 елден 200-ден астам спикер қатысады.

Сонымен қатар, жасанды интеллект және цифрлық технологиялар саласындағы үздік шешімдерді айқындайтын беделді Digital Awards 2025 сыйлығы өтеді.

Қазақстан үшін жасанды интеллект цифрлық трансформацияны жеделдету, бизнес пен мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру үшін бірегей мүмкіндіктер береді. Инновациялық технологиялар паркінің басқарушы директоры Дания Ахметова мәлімдегендей, Digital Almaty 2025 жасанды интеллектті дамыту бойынша идеялар мен жобаларды көрсету үшін негізгі алаң болады.

Форумның ресми бөлігінде ЕАЭО елдері премьер-министрлерінің пленарлық отырысы өткізіледі. Биыл форумға Әзербайжан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан, Армения, Иран үкіметтерінің басшылары, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия басшылары жиналады. Үкімет басшылары өңірлердің цифрлық күн тәртібін талқылайды. Олар: цифрландырудың негізгі жобалары, жасанды интеллектті енгізу және технологиялық дамудың бірлескен векторлары.

Пленарлық отырыс аясында дәстүрлі Digital Awards 2025 сыйлығы табысталады. Жасанды интеллект саласындағы елеулі жетістіктер атап өтіледі. Дәстүрлі аталымдардан бөлек, AI Movement бастамасының қорытындысы шығарылмақ.

Digital Almaty 2025 аясында жүлде қоры 60 мың долларды құрайтын жасанды интеллект және цифрлық трансформация саласындағы стартаптар байқауы өтеді. Форумның бейресми бөлігі идеялармен алмасу және инновацияларды енгізу үшін бірегей экожүйені құра отырып, оқушылар мен студенттерді, цифрлық индустрия көшбасшыларын, стартапкерлер мен инвесторларды біріктіреді.

Робо-аймақта қазақстандық кәсіпорындарда қолданылатын түрлі роботтарды көруге болады. Өткен жылы Алматыда ЦДИАӨМ қолдауымен робототехника орталығы құрылды. Көрмеге келушілердің барлығы осы бірегей туындылармен жақынырақ таныса алады.





ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ

ҰЛТТЫҚ
ҰЛАН

Алматы лицейімен
келісімге қол қойды

ҚР ПМ Ұлттық ұланы Алма-
ты қаласы білім басқарма-
сының №166 лицейімен
келісімге қол қойды. Оның
аясында әскери қызметші-
лер тәрбие жұмыстары мен
патриоттық іс-шараларға
белсенді қатысатын бола-
ды.



Нұржамал
ӘЛІШ

Бірлескен бастама жастардың бойында өз
елі үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға,
құқық қорғау саласы қызметінің мәртебесін
көтеруге және әскери мансабын дәріптеуге
бағытталған.

Жаңа келісім бойынша өткізілген алғаш-
қы іс-шара барысында «Оңтүстік» өңірлік
қолбасшылығының офицерлері лицейдің
9–11-сынып оқушыларымен кездесті. Онда
Отанды қорғаудың, әскерде қызмет етудің
маңыздылығы мен құқық тәртібі әскерлері
қатарында қызмет ету мүмкіндіктері талқы-
ланды. Сондай-ақ, оқушыларға ҚР ПМ Ұлт-
тық ұлан Академиясындағы оқу жүйесі тура-
лы айтылды.

– Мектеп қабырғасынан бастап пат-
риоттық тәрбие берген жөн. Бүгінде
басты міндеттердің бірі – мемле-
кетіміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
Біздің болашағымыз жастардың қолында.
Мұндай ынтымақтастық оқушыларға
қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қамта-
масыз етудегі Ұлттық ұланның рөлін
жақсы түсінуге көмектесетін азамат-
тық-патриоттық тәрбие бағдарламасы-
ның бір бөлігіне айналды, – деді 5571 әскери
бөлім командирінің тәрбие және әлеуметтік-
құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары,
подполковник Ұлықбек Қараев.

ҚОҒАМ

ҰЛТТЫ ҰЙЫСТЫРУШЫ
ортақ идеология болуы тиіс

Заң және тәртіп. Осы екі қағидаға бағынған ел ғана құқықтық мемлекет
қалыптастыра алады. Құқықтық мемлекетте ғана баянды даму жүзеге
асады. Себебі, әділдік пен теңдіктің басты кепілі – заңды сақтап,
тәртіпке бағыну. Ал ол заңды қабылдау мен орындау – екі бөлек мәселе.
Мемлекет тарапынан қабылданған стратегиялардың қоғамға терең
орнығуы біз көздеген болашақты жылдам жақындата түспек.

Сол үшін аталған маңызды қағидаттың
кең етек алуы біздің қазіргі және келешек
өміріміз үшін мән берерлік тақырып. Прези-
дент Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Заң
мен тәртіп» қағидаты тура мәнінде ортақ
құндылық қалыптастыруды көздейді. Ел аза-
маттары заңға бағынатын, қоғамдық тәртіпті
сақтайтын, заң алдында азаматтардың құқы-

ғы бірдей қорғалатын ел болу, міне бұл –
біздің ең негізгі идеологиялық бағытымыз
болуға тиіс.

Аталған қағидат қоғамға қалай орнығып
жатыр? Біз осы ретте сарапшылардың ойын
білген едік.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Қуаныш САЙЛАУ,
Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми
қызметкері:

Мемлекеттің бұл саясаты
жайдан-жай пайда болған жоқ

Бұл ұғымды біздің қоғамда орнығып жатыр деп айту сәл қате,
себебі қағидат пен қоғам арасындағы байланыс кері бағытта орнық-
қан. Мемлекеттің бұл саясаты жайдан-жай пайда болған жоқ, ол қоғамда бұрыннан бері
бар сұранысқа тікелей жауап ретінде қалыптасқан. Мәселен, әлеуметтік жағдайды зер-
делейтін сауалнамаларға сүйенетін болсақ, экономикалық жағдайды жақсартумен қатар
әділдік орнату және жемқорлықпен күресу қазақстандықтар үшін ең маңызды мәселелер
қатарына жатады. Яғни қазақстандықтарды еліміз тәуелсіздікке иеленген кезінен бері
құқықбұзушылыққа және заңсыздыққа төзімділігі жоқ қоғам деп атауға болады. Осы
себеппі, соңғы жылдары «заң және тәртіп» қағидаты үкімет тарапынан аса зор назарға
ие және мұндай саясаттың мақсаты – мемлекетте бәріне бірдей қолданылатын заңдарды
шығару және сол заңдарды іс жүзінде сақтау, орындалуын бақылау. Саясаттану теория-
сында бұны «заң үстемдігі» (rule of law) деп атайды.

Атақты америкалық саясаттанушы Фрэнсис Фукуяманың айтуынша, заң үстемдігінің
екі түрі бар. Біріншісі – үстем тап өкілдері даярлаған және барлық азаматтың өмірін
реттейтін заңдар топтамасы. Мұндай заңдарды әр азамат сақтауға міндетті болғанымен,
үстем тап өкілдері бұл заңды өз ыңғайына икемдейді. Яғни заң күшті болса да, билік
басындағылар заңнан жоғары. Екіншісі – қатардағы азаматтарды да, билік басындағы-
ларды да шектейтін заң үстемдігі. Қазақстанның қазіргі кездегі дамуы заң үстемдігінің
бірінші түрінен екіншісіне өтуге бағытталған. Осы арада 2022 жылғы конституциялық
реформалар (атап айтқанда, бұрынғы және қазіргі президенттің билігін шектеу, тікелей
сайланатын Мәжілістің билігін кеңейту, Конституциялық Соттың қайта құрылуы) және
2021 жылдан бері келе жатқан әкімдерді сайлау практикасы заң және тәртіпті орнатуға
бағытталған болатын. Әрине, бұл арада жұмыс әлі де жалғасып жатыр, сондықтан да
биыл Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа реформалар топтамасын ұсынбақшы. Олардың ара-
сында заң үстемдігін одан әрі нығайтатын өзгерістерді күтуге болады.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
саясаттанушы:



Билік те,
қоғам да
қолдайды

«Заң мен тәртіп» қағидаты – белгілі
бір уақыттан кейін жүзеге асатын стра-
тегиялық мақсат. Қоғамда заңның үс-
темдігі орнаған құқықтық мемлекет
күру 1-2 жылда жүзеге асатын дүние
емес. Сондықтан іске асты деу асығыс-
тық болар. Бірақ бұл қағидаттың қажет
екені бәрімізге белгілі. Мұны билік те,
қоғам да қолдайды.

Жақында «Қазақстандық қоғамдық
даму институты» жалпыұлттық құнды-
лықтар жүйесіне байланысты талдау
баяндамасын жариялады. Онда азамат-
тардың басым көпшілігі әділеттілікті
бағалайтыны айтылған. Сауалнамаға
қатысқандар заң алдында бәрінің тең
болғанын әділеттілік деп есептейтінін
айтқан. Бұдан қоғамда да «заң мен
тәртіп» қағидаты өзекті деген қорытын-
ды шығаруға болады.

Құқықбұзушылық пен заңсыздыққа
немқұрайлы қарамайтын қоғам қалып-
тасты деп айтуға да әлі ерте. «Заң мен
тәртіп» қағидасын билік 2024 жылы
қоғамға ұсынды. 1-2 жылда құқықбұзу-
шылық пен заңсыздыққа немқұрайлы
қарамайтын қоғам қалыптаса қоймай-
ды. Тіпті, Сингапурдың алғашқы бас-
шысы Ли Куан Ю жүзеге асырған ре-
форма жемісін беру үшін ондаған жыл
кетті. Бірақ соған қарамастан бұл ба-
ғытта мемлекет біршама жұмыс атқар-
ды. Заң күшейіп, оның алдында бәрі
тең болуы үшін жағдай жасалуда. Жа-
рия сот процестері былтырдан бері
жүріп жатыр. Иә, алда әлі атқарар ша-
руа көп. Десе де, реформаны жасауда
бастысы бір орында тоқтап қалмау. Біз
бір қадам болса да алға жылжып ке-
леміз.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

МОПЕДТЕРДІ ТІРКЕУ МІНДЕТТЕЛЕДІ



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Сурет: ашық дереккөзден).

«Жол жүрісі туралы» заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес Алматыда мопедтерді тіркеу
басталды. Бұл ақпаратты Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы
қаласы Полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасы Процессинг орталығының
басшысы Айдын Меркімбаев мәлімдеді.



МӘСЕЛЕ

Лудомания:

БОЛАШАҚҚА ҚАУІП ПЕ, ӘЛДЕ УАҚЫТША ҚҰМАРЛЫҚ ПА?

«Касперский зертханасының» 2024 жылғы мәліметтері бойынша, балалардың үштен бір бөлігі (28%-ы) бүкіл бос уақыттарын гаджетпен өткізеді екен. Ата-аналардың 62%-ы балаларының смартфонна бақылау қосымшасын орнатпайды, ал 20%-ы желідегі қауіпсіздікті талқылауды қажет деп санамайды. 22%-ы желідегі байланыс этикасын талқыламайды, 67%-ы баланың геолокациясын бақыламайды. Ойынға тәуелді жасөспірімнің миы айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды екен.

Балаларға бақылаудың болмауы алаңдатады

Ғаламтордағы ойындардың виртуалды әлеміне неғұрлым тереңдеген сайын жасөспірімдер бірте-бірте шынайы өмірмен байланысын жоғалтып, өздерінің болашағына, психикалық және әлеуметтік дамуына қауіп төндіретіні қоғамда талай мәрте дәлелденген шындық. Интернеттегі ашық ресурстарға қолжетімділік, сайттар мен әлеуметтік желілер ақпараттарына бақылаудың болмауы балалардың интернет ойындарының виртуалды әлеміне тереңдей енуіне жол ашады, ал шынайы өмірмен байланысы жоғалған жастардың психикалық және әлеуметтік дамуына қауіп төнеді.

Ойынға тәуелділік жай ғана мінез-құлық мәселесі емес, бұл ми жұмысындағы теңгерімсіздікке байланысты туындайтын күрделі жағдай. Мұндай күйге түскен балаларға бақылаудың болмауы алаңдатады, оларға психотерапиялық, дәрі-дәрмектік қолдау қажет. Лудомания құрығына түскен балаларды оңалтудан өткізу үшін психотерапия маңызды, қажет болған жағдайда нейрорпсихикалық дәрі-дәрмектермен емдеу қажет.

Ойынкұмарлық – адамның өзін-өзі бақылау, жоспарлау және өз әрекеттеріне есеп беру қабілеттерінің бұзылуына әкеледі, белсенділіктің басқа түрлеріне деген қызығушылықты төмендетеді. Бұл мазасыздықты, депрессияны және эмоционалды тұрақсыздықты арттырады.

«Ойынға тәуелділік және виртуалды шындық: проблемалар және шешу жолдары»

Алматыда «Interfax-Kazakhstan» ақпарат агенттігінің ұйымдастыруымен, Amanat партиясының әйелдер қанатының қолдауымен Қазақстан және Орталық Азия отбасы институтының «Ойынға тәуелділік және виртуалды шындық: проблемалар және шешу жолдары» тақырыбында онлайн баспасөз мәслихаты өтті. Басқосуға С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің Коммуникативтік дағдылар кафедрасының профессоры Фатима Бағиярова, Қазақстан және Орталық Азия отбасы институтының басшысы Эльмира Алиева, Қазақстандағы ойынға тәуелділікпен жұмыс жөніндегі бағдарламаның жетекшісі Александр Рушук,



(Дереккөз: interfax.kz).

педагог-психолог, педагогика ғылымының магистрі Ирина Терентьева, психолог, сарапшы, психология ғылымының кандидаты, әлеуметтанушы, «Қазақстан халқына психологиялық көмек көрсету туралы» заң жобасын дайындау жөніндегі жұмыс тобының модераторы Дарина Даненова қатысты.

Жасөспірімдер тұзаққа көбірек түседі

Сарапшылар пікірінше, жасөспірімдер ойынға тәуелділік тұзағына көбірек түседі. Дегенмен, сауалнама деректері

көрсеткендей, мұндай балалардың кем дегенде үштен бірі гаджеттерді сәби кезінен бастап қолдана бастағандар. Оған себеп – ата-аналар гаджеттерді баланы алдандыру құралы ретінде пайдаланады. Мамандардың дерегіне сүйенсек, 2-3 айдан 6–8 жасқа дейінгі балалар жақын адамдарымен қарым-қатынас пен дәстүрлі ойындардан гөрі «телефон допингіне» құмар. Әдетте, мұның өзі мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қоры мен сөйлеуінің дамуын тежеп, қиындықтарға әкеледі. Қазақстан және Орталық Азия Отбасы институтының басшысы Эльмира Әлиеваның пікірін-

ше, бұл күрделі мәселені шешудің бірқатар жолдары бар. Атап айтқанда:

- **цифрлық орта мен киберқылмыс тәуекелдерін ақпараттандыру және азайту мақсатында ата-аналар үшін міндетті цифрлық сауаттылық курстарын өткізу;**
- **ата-аналар тарапынан бақылау және офлайн талқылаулар мен өзара әрекеттесу үшін міндетті отбасылық уақыт енгізу;**
- **интернет-ортадағы киберқұзыреттілік: сабақтарда бастауыш сынып оқушыларына виртуалды және ақпараттық кеңістіктің тәуекелдерін, әлеуметтік желілердегі мінез-құлық ережелерін және интернеттегі мектеп оқушыларының этикалық емес мінез-құлқының салдары туралы оқыту;**
- **балалардың желідегі мінез-құлқын қатаң реттейтін мектепшілік этикалық кодекс енгізу;**
- **балалардың жасын немесе өзге де шараларды растамай, баланы платформаларда тіркеуді шектеу ережелерін қатаңдау;**
- **Зорлық-зомбылық, қатыгездік немесе тәуелділікке арандатушылық көріністері бар ойындар мен сайттарды бұзаттаудың мемлекеттік сүзгілерін құру арқылы зиянды мазмұнға қолжетімділікті шектеу;**
- **45–90 минут үздіксіз пайдаланудан кейін виртуалды ойын индустриясындағы уақыт шектеулерін реттеу;**
- **балалар емханаларында нормадан психикалық ауытқу белгілерін және психикалық бұзылулар белгілерін анықтауға диагностика жүргізу;**
- **Кибербуллинг актілерін жасаған балалардың ата-аналары үшін қылмыстық, қаржылық және әкімшілік жауапкершілік енгізу;**
- **18 жасқа толмаған балаларға онлайн ойындарға қолжетімділікті заңнамалық шектеу.**

Геймерлік қылмыстардың алдын алу шаралары қандай?

Ойынкұмарлықтың, сондай-ақ жасырын, жанама және айқын агрессияның белгілері бар, оңалту бағдарламаларын агрессиямен қабылдайтын балаға міндетті әлеуметтік-құқықтық және арнайы медициналық көмек көрсету маңызды. Ғаламторда және әлеуметтік желілерде интернет-белсенділігі, кибербуллинг әрекеттері бар балаларды қатаң бақылау мен есепке алу мақсатында балалардың автоматты профилін жасаған жөн. Әлеуметтік-тұрмыстық және отбасылық тұрақтылық пен жайлы, қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін зорлық-зомбылық сипаты немесе белгілері бар әлеуметтік желілер мен ойындар арқылы қудалауға ұшыраған балаларды анықтауға болады. Ойынға тәуелділігі бар және қорқытудың әсерінен агрессивті әрекеттер жасаған жастарды тәрбиелеуде арнайы оңалту-түзеу мекемелерінің рөлі зор.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Эльмира ӘЛИЕВА,
Қазақстан және Орталық Азия Отбасы институтының басшысы:

БАСТЫ БАҒДАР – БАЛАНЫ МЕЙІРІМГЕ БӨЛЕУ

Кейде ата-аналар балалармен шынайы қарым-қатынас жасауға аз уақыт бөледі, жұмысқа, мансапқа және материалдық мәселелерді шешуге тым көп уақыт жұмсайды. Олардың қамқорлығы әрине қауіпсіздік пен жайлылықты қамтамасыз етуге деген ұмтылыстан көрінеді, бірақ сонымен бірге баланың эмоционалды өміріне мейірім, қолдау және араласу болмауы мүмкін. Балаға болашақ үшін ресурстар беріп қана қоймай, оған эмпатияны, мейірімділік пен адамгершілікті дамытуға көмектесу маңызды. Басты бағдар – бала өміріне көңіл бөлу және баланы мейірімге бөлеу. Балалар ата-аналарынан эмоционалды жақындықты, мейірімді сезінбесе, олар томаға-тұйық күйге түсіп, сол жақындық пен мейірімді басқа жақтан іздеуі мүмкін. Мұндай ашақтық бала тәрбиесінің дұрыс қалыптасуына пайдалы бола бермейді. Жұмыс пен отбасылық құндылықтар арасында тепе-теңдікті сақтау – оңай шаруа емес, бірақ ол баланың қандай адам болып өсетінін және одан әрі қандай құндылықтарға ие болатынын айғақтайды.

ЗАМАНАУИ, ҚОЛЖЕТІМДІ, САПАЛЫ

Медициналық-санитарлық алғашқы көмек саласын дамыту – басым бағыт

Денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту – Алматының басым бағыттарының бірі болып қала береді. Инфрақұрылымды жаңғырту және бюджетті ұлғайту дегенде, ең алғашқы кезекте мегаполистің денсаулық сақтау жүйесі үшін медициналық-санитарлық алғашқы көмек (МСАК) бағытын дамыту. Себебі, алып шаһарда медициналық мекемеге қаралатын адам саны көбейіп отыр. Әсіресе, балалар мен қарттарға сапалы қызмет көрсету міндет.

Нұржамал
ӘЛІШ

Әлеуметтік тұрақтылықтың кепілі

Иә, медициналық қызметтердің сапасын арттыру – әлеуметтік тұрақтылықтың кепілі. Былтырғы маусымда елімізде алғаш рет «Фетальды хирургия» пилоттық жобасы енгізілді. Енді Алматыда жылына 150-ге дейін жатыршылық операция жасауға болады (қазірдің өзінде 20-дан астам пациентке осындай ота жасалды). Яғни құрсаққа біткен шараның дамуынан анықталған кінәратты дер кезінде анықтап, ұрыққа да операция жасау. Міне, мегаполис медицинасының мүмкіндігі қандай!

Былтырғы тамызда елімізде алғаш рет балалар арасында (3 жасқа дейінгі) мүгедектікті төмендету үшін Ерте араласу орталығы құрылды.

Шұғыл медициналық көмекті дамыту үшін мегаполис былтыр жыл аяқталар тұста жедел жәрдем паркіне 48 жаңа автокөлік қосты.

Жалпы, өткен жылы мегаполистің денсаулық сақтау саласына бөлінген қаржы 25%-ға өсіп, 48,8 миллиард теңгеге жеткен екен. Биыл денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңғыртуға бөлінетін қаржыландыру көзі 34%-ға ұлғайтылды.

Бұл ауқымды іс-шаралар әдеттегіше медициналық мекемелердің материалдық-техникалық базасын жаңартып, қызмет сапасы мен тиімділігін айтарлықтай арттыруға бағытталды.

Балалар ауруханасы жаңғыртылды

МСАК бағытындағы былтырғы тың жаңалық ретінде мегаполис медицинасында ең іргелі денсаулық нысаны деп танылған Балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының ашылуын ерекше атап айтуға болады. Былтыр Мемлекет басшысы Алматы



«АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ

- Мегаполис тұрғындарының медициналық қызметтерге қолжетімділігін арттыру мақсатында биыл 2 емхананың құрылысы басталады.
- Сонымен қатар, 6 денсаулық сақтау нысанына күрделі жөндеу жүргізіледі.
- Қалада медициналық нысандарды жаңғыртуға жұмсалатын қаражат ұлғайып, 33 млрд теңгеге дейін жетті.
- Былтыр Алматы қаласының мәслихаты медициналық-санитарлық алғашқы көмектің Бірыңғай стандартын бекіткен болатын. Соның аясында 4 МСАК орталығы мен 1 емхана салынды.
- Сондай-ақ, 32 нысанның құрылыс және жаңғырту жобалары (15 аурухана, 2 перзентхана, 7 емхана, 6 МСАК орталығы) әзірленуде.

сапарында осы Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығына арнайы ат басын бұрған болатын.

Президентке орталықтың заманауи медициналық аппараттармен жабдықталған диагностика кабинеттері, нәрестелерге арналған қарқынды терапия бөлімшесі және операция бөлмелері таныстырылды. Медициналық мекеменің қызметіне табыс тілеп, 2 реанимобиль мен интерактивті тақта сыйға тартқанын да айта кетсек артық болмас.

Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығы – қаладағы балалар ауруханалары арасында ең іргелісі және көпсалалы. Аурухана бір мезетте 500 науқасты қабылдай алады. Мұнда жыл сайын қаламыздың бес ауданынан (Алмалы, Бостандық, Медеу, Түркісіб және Жетісу) 102 мыңнан астам бала емделеді (қалған үш аудан тұрғындарын №2 балалар ауруханасы қабылдайды). Сонымен қатар, еліміздің барлық облысынан жас науқастар келіп емделеді.

Былтыр Қабылдау бөлімінің үш қабатты ғимаратының және ауданы 10 мың шаршы метрден асатын заманауи операциялық блоктың құрылысы аяқталды. Бұл ғимарат Emergency халықаралық төтенше жағдайлар стандарттарына сәйкес келеді және triage жүйесі бойынша тәулігіне 500-ден аса пациентті қабылдауға қауқарлы.

Тақырыпқа орай айта кетсек, бұрынғы Қабылдау бөлімінің ауданы 750 шаршы метр

болатын. Сондықтан заманауи денсаулық сақтау талаптарына сәйкес келмеді және тәулігіне 250–300 науқасты қабылдауға есептелгендіктен, айтарлықтай жүктемемен жұмыс істеді.

Сонымен, Алматы қалалық Денсаулық сақтау басқармасына қарасты Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығының жаңа ғимараты былтырғы Халықаралық балалар күнінен, яғни 1 маусымнан бастап жұмыс істейді. Ашылған уақыттан бері мұнда 61 277 бала қабылданып, оның 8251-і ауруханада емделді.

Операция блогы төртеу

Жаңа ғимарат ең заманауи медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған. 26 төсек-орынға есептелген реанимация және қарқынды терапия бөлімі, диагностика бөлімі және 4 операция блогы бар.

Ал мәселен, біз тілге тиек етіп отырған осы балалар ауруханасының жаңа ғимараты іске қосылғаннан кейін Офтальмология бөлімшесі 30 төсек-орыннан 42 орынға кеңейді.

– Негізі, модернизациядан өткен осы Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығының іргесі сонау 1965 жылы қаланған. Ол тұста қалалық балалар ауруханасы болып аталды. Қазір С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті Педиатрия кафедрасының клиникалық базасы саналады. Республика бойынша тек біздің клиникада жаңа туған нәрестелерде кездесетін асқанда артериясы, көкет жарығы (диафрагмальнаы грыжа), рахишизис, гастрошизис секілді туаытты дерттерді хирургиялық жолмен емдеу тәсілдері жолға қойылған. Балалар мұнда кепілдендірілген тегін медициналық көмек арқылы ем алады. Заманауи медициналық құралдардың көмегімен қымбат оталар жасалады. Сондай-ақ, науқастарды қан препараттарымен қамтамасыз етеміз, – дейді Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығының директоры Әлібек Смағұлов.

Кейінгі үш жылда бұл ауруханада емделушілер саны 30 пайызға артқан. Сол себепті, қазір Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығының негізгі ғимаратын жаңарту және реконструкциялау жоспары әзірленіп жатыр. Соған сәйкес алдағы жылдардың еншісінде ескі корпусстардың бәрін күрделі жөндеуден өткізіп, қосымша оңалту, отоларингология, аймақтық офтальмология орталықтарын және жақ-бас сүйек хирургиясы бөлімшелерін ашу тұр.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Айжан
СЕЙІТЖАНОВА,
4 жасар
Даринаның
анасы:

ЖОҒАРЫ ДЕНГЕЙДЕ ЕМ ҚАБЫЛДАП ЖАТЫРМЫЗ

Біз Алматыға, Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығына Астанадан жедел түрде офтальмология бөлімшесіне түстік. Балама қойылған диагноз – «оң жақ көздің тотальды гемофтальмы». Яғни көздің басым бөлігінің қанталап кетуі. Мұнда өте жоғары деңгейде сапалы ем қабылдап жатырмыз. Аппараттар ерекше. Көзге дәрі құю бөлмесі де бөлек. Барлық ем-шара уақыттан ауытқымай жасалады. Таңғы алтыда тұрамыз, кешкі тоғызда жатамыз. Мұндай режим денсаулыққа, көңіл күйге де оң әсер ететіні анық. Айналамыз сондай жап-жарық, кең, төсек те балаға өте ыңғайлы. Ойын залы да бар. Тамақтанатын бөлмеміз де жайлы. Алматының офтальмолог-дәрігерлеріне алғысым шексіз. Міне, қызымның көзі жазылып қалды. Көп ұзамай шығамыз. Сонау елордадан осында келгеніме еш өкінібеймін, үмітім ақталды.



Әлібек
ИБРАГИМОВ,
хирург,
Балалар шұғыл
медициналық
жәрдем
орталығы
Қабылдау
бөлімшесінің
дәрігері:

ЖАҢАНЫҢ АТЫ – ЖАҢА

Жаңаның аты – жаңа. Ата-аналармен бірге біз де қуанып қалдық. Кең де жарық жерде, барлық жағдай жасалған, жаңа технологиямен жарақталған орталықта жұмыс істедудің өзі жақсы көңіл күй сыйлайды. Жұмыс істеу бұрынғыдан да қолайлы бола түсті. Жоғары деңгейде, күндіз-түні, жедел қызмет етеміз. Қабылдау бөлімшесінің жаңа үй-жайлары балаларға жедел медициналық көмек көрсету үшін заманауи үлгіде жабдықталған. Науқасты динамикалық күнделікті бақылап отыру үшін арнайы палаталар да бар. Бұл бөлмелердің негізгі ерекшелігі – диагностикалық және емдік процедураларды сол орында, сол мезетте жүргізу мүмкіндігіне ие. Ол науқастың жағдайын жылдам бағалауға, қажетті зерттеулерді жүргізуге және тиісті емді уақыт созбай дер кезеңде бастауға мүмкіндік береді. Ата-аналардан да жақсы тілектер жиі айтылып жүр. Біз балаға да, үлкенге де денсаулық, көтеріңкі көңіл күй сыйлаудан шаршамақ емеспіз.



Жаңа корпусстың заманауи ота жасау бөлмесі.

Соны үлгідегі көз аппараты.



ФУТБОЛ

АЛМАТЫЛЫҚ ДАСТАН СӘТБАЕВ «ЧЕЛСИДЕ» ӨНЕР КӨРСЕТЕДІ

16 жасар спортшы Англияда өнер көрсету құрметіне ие болған алғашқы қазақстандық футболшы.

Дастан «Қайрат» футбол академиясының тәрбиеленушісі. Футболмен 8 жасынан бастап шұғалданады. Соңғы маусымда ҚР жасөспірімдер құрамасы мен өз клубы QJ League-да өнер көрсетті. Шабуылшы 12 матчта 19 гол соғып, 7 нәтижелі пас берді. Сонымен қатар, ол бірінші лигадағы жастар құрамасы үшін бірнеше матч өткізген ойыншы. Бұдан өзге, Дастан негізгі құрамға да ауысып, клуб тарихында алаңға шыққан ең жас футболшы ретінде аты шықты. Жас та болса, әккі ойыншының ойы, оның техникалық арсеналы мен гол соғу қабілеті селекционерлердің көзінен таса қалмады.

Болашағы бар ойыншы ретінде Дастанның есімі өзге елге де танымал бола бастады. Қазақ жігітіне австриялық «Зальцбург», немістің «Байер», португалдық «Бенфика» мен испандық «Реал Сосьедад» үміт артты. Алайда, жас футболшы «Челсиге» ауысатын болды. Әлемдік баспасөздің хабарлауынша, Лондон клубы алматылық футболшы үшін 4,3 миллион еуро береді.

Бұл – қазақстандық футбол тарихындағы рекордтық келісім. Қазіргі уақытта жас шабуылшы «Қайратпен» бірге Түркияда. Дастан жаңа клубқа 2026 жылдың тамыз айында ғана қосыла алады. ФИФА регламентінде 18 жасқа толғанға дейін ойыншыларды аударуға тыйым салатын тармақ бар.

Айтпақшы, Дастан Сәтбаев «Қайраттың» соңғы жылдардағы алғашқы ойыншысы емес. Өткен жылы өзінің 70 жылдығын атап өткен аты аңызға айналған команданың тәрбиеленушілері шет елде жиі өнер көрсетеді.



Қазіргі уақытта Санкт-Петербургтегі «Зенитте» 2 миллион еуроға сатылған Нұрәлі Әліп бар.

Тағы бір перспективалы футболшы, «Қайрат» академиясының тумасы, ҚР жастар құрамасының ойыншысы Ғалымжан Кенжебек өткен маусымда Кипрде өнер көрсетіп, жақында словакиялық «Кошице» командасына ауысты.

Тасжүрек АНДАСОВ.

БІЗДІҢ ЧЕМПИОНДАР

ҚАЗАҚ ЕЛІН БАЙРАҒЫНА ҚАРАП ТАНИДЫ

Төрткүл дүниені талантымен таңғалдырып, жаһанға Әнұранымызды шықратқан алматылық спортшы кім?

Қазір әлемнің әр түкпіріндегі спортсүйер қауым біздің Гимнді, Көк Туымызды жақсы біледі. Десе де, әлемдік додаларда алты Алаштың көк байрағы алғаш рет қай жылы көтерілді? Әнұранымызды ең алғаш рет қай спортшымыз, қай жылы асқақтатты? Кім біледі?

Бұл тақырып әлі күнге дейін спортшылар арасында даулы мәселе күйінде қалып отыр. Біздің білетініміз, төрткүл дүниені мойындатып, ең алғашқылардың бірі болып Әнұранымызды шықратқан спортшы – 17 жасар алматылық Екатерина Полевая еді.

Ешкімге белгісіз жас спортшы өзінің досы, сол кездегі су астындағы бағдарлау бойынша КСРО құрамасының Еуропа чемпионы Людмила Шумиловамен бірге 1992 жылы Австрияның Фельдкирх қаласында өткен әлем чемпионатына барады. Су астындағы спорттың «бағдарлау» жаттығуында Е.Полевая бірінші орынды иеленеді.

Бұл туралы бүгінде суасты спортының бапкері былай деп еске алады: «Жарысқа кетердің алдында бір нәрсені сезгендей біртүрлі қызық сезімде болдым. Ұлттық Олимпиада комитетіне барып, ел туын сұрап алдым. Радиоға барып Қазақстанның Әнұранын жаздырып алдым. Сөйтсем, бәрін дұрыс істеппін. Майшаферзее көлінің жағасында тұрған мыңдаған жанкүйер көк жүзімен таласа желбіреген Көк байрағымызды тамашалады. Сондай-ақ, әлем картасында жаңадан пайда болған мемлекеттің Әнұранын да шамамен 5 минут тыңдады. Ол-ол ма, бір жағдайға байланысты ұйымдастырушылар Әнұранымызды екі рет қосып жіберді»...

Осылайша Екатерина Полевая Қазақ Елі спортының тарихына оның құрметіне алғаш рет Қазақстанның Әнұраны шырықалған және егемен елдің алғашқы әлем чемпионы атанған спортшы ретінде енді. Әнұранымызды спортшылардың өздері жанды дауыста айтқан жағдайлар да болған екен.

– Францияда ойнап жүрміз, – деп бастады сөзін Алматының «Айсұлу» атты хоккейшілер командасының бапкері А.И.Мальцев. – Матч басталмай тұрып Қазақстан мен Еуропадан



келген қарсыластардың Әнұраны ойналуы тиіс еді. Бірақ біздің мемлекетіміздің Әнұраны жазылған диск белгісіз бір себептермен «оқылмай» қойды. Не істерімізді білмей тұрғанда, спортшылардың біреуі қасыма келіп: «Біз Әнұранды жанды дауыста айталамыз», – деді.

Менің ғана емес, матчты көруге жиналған көрермендердің де таңданысында шек болмады. Стадион бізді үлкен қошеметпен қарсы алды. Жүректі тебіренткен әдемі көрініс болды. Яғни өз елінің патриоты екенінді сөзбен емес, іспен дәлелдеген сәт еді бұл.

Қыздар Әнұранды жатқа айтты. Спортшыларымыз жаңа Әнұранның мәтінін де жатқа біледі. Өйткені, спорт әлемінде неше түрлі біз күтпеген нәрселер орын алып жатады. Мысалы, жаңа Әнұранымыздың мәтіні барлық елде жоқ. Кейбір мемлекеттерде, тіпті көрші тұрған мына Қытайда да осындай жағдайға тап болған едік.

Жарысты ұйымдастырушылар Әнұранның ескі нұсқасын қойып жіберген кездер талай болды. Сондықтан бәріне дайын болу керек.

Әлім АНАПИЯНОВ.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ

Халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан ойындарының бірі – тоғызқұмалақ. Бір кездері ұмыт қалған бейзаттық мұраға қолымызға қайта жетіп жатқан жайымыз бар. Ұлттық құндылығымыз бірі саналатын ойын бүгінде тек елімізде ғана емес, халықаралық деңгейде де дамып келеді. Оның үстіне Алматы қаласы әлемдік интеллектуалдық ойындардың озық үлгілерімен бой теңестіре алатын зияткерлік ойын түрі, логикалық ойлау өнері болып табылатын тоғызқұмалақ ұлттық ойынының ордасы атанып отыр.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚШЫЛАРЫМЫЗ ТОП ЖАРЫП ЖҮР



Рая
ЕСКЕНДІР

Бүгінде тек өз елімізде ғана емес, Колумбия, Канада, Литва мен Румыния, Корея, Ұлыбритания, Франция, Германия мемлекеттері де тоғызқұмалаққа ерекше қызығушылық танытып отыр. Мәселен, канадалық iggamecenter.com, польшалықтар жасаған playok.com сайттарымен әріптестік орнатып, тоғызқұмалақты интернет арқылы ойнай бастаған.

Өзге мемлекеттерден біздің мамандарымыз да қалыспай Android пен iOS жүйелеріне арнайы қосымшалар әзірлеген еді. Соңғы уақыттарда «Тоғызқұмалақ» ойыны Алматы қаласында да қызу қолдауға ие болды. Мәселен, қаламызда «Тоғызқұмалақшылардың» көшін №58 жалпы білім беретін мектеп ұжымы бастап, зияткерлік ойынның орталық алаңына айналып келеді.

Мектеп оқушыларының бойындағы ойлау қабілетін арттырып, біліктілік пен дағдыларын дамыту, төзімділікті қалыптастыру сияқты қасиеттерді қалыптастыру мақсатында ашылған үйірме аптасына 2 рет өткізіледі. Қазір үйірмеге бастауыш, орта, жоғары сынып оқушылары бойынша 3 топ, жалпы саны 36 оқушы қатысады. Оқушылар үйірмеге қызығушылық танытып, белсенділікпен қатысады. Олар сабақ барысында тоғызқұмалақ ойынының тарихымен, тақтасымен танысып, жүріс тәсілдерін меңгереді. Осы уақытқа дейін қол жеткізген жетістіктері де баршылық.

Жақында «тоғызқұмалақшылар» тоғызқұмалақтан өткен республикалық олимпиада ойынына қатысып, 2-орынды, «Республикалық гимназия» ойындарында 1-орынды иеленді. Сондай-ақ, мектептің 8-сынып оқушылары Әйгерім Жарқынбек жасөспірімдер арасында ҚР чемпионы, Нұрай Берікбол республикалық турнирлердің жеңімпазы, Әділжан Өміров, Жанай Сайдахмет, Бекнұр Есмағанбет қалалық дәрежедегі чемпион атанды. Мектепте «Тоғызқұмалақ – күллі адамзаттың мәдени мұрасы» атты тұрақты кездесу өтіп тұрады.

Онда Мәслихат депутаты, ҚР тоғызқұмалақ федерациясының президенті – Әкім Тұрсын, Алматы қаласы тоғызқұмалақ федерациясының



директоры Азамат Қалдыбаев, Алматы қаласы бойынша аға жаттықтырушы Әлімжан Қыдырбаев оқушылармен жиі кездесіп отырады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Самат ҚАСЫМБЕКОВ,
Алматы қаласының жасөспірімдер арасындағы аға жаттықтырушысы:

ҰЛТТЫҚ РУХЫМЫЗДЫҢ ЖАҢҒЫРУЫНА СЕРПІН БЕРЕР ЕДІ

Қазіргі таңда балаларымыз мәдени мұраның ішінде ерекше күрделі интеллектуалды ойынның бар екенін біле бастады. Бұған қоса, соңғы жылдары тоғызқұмалақты көшеде де ойнауға арналған түрлі-түрлі құралдар жасалды. Сондай-ақ, елімізде «Тоғызқұмалақ күнінің» белгіленуі де, жастарымыздың ұлттық мұраға деген қызығушылығын арттыра түскендей. Әрине, жыл сайын тоғызыншы айдың тоғызында бүкіл елімізде тоғызқұмалақ ойналып жатса, ол біздің ұлттық рухымыздың жаңғыруына да серпін берер еді.

ҚҰҚЫҚ

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ
УӘКІЛ ИНСТИТУТЫ

заңдылық, теңдік және объективтілік қағидаттарына берік

Қазақстан Республикасы құқықтық ел ретінде жыл сайын заң жүйесіндегі реформаны күшейтіп, адам құқықтарының кепілдігін нығайтып келеді. Бұл Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты мен әртүрлі мемлекеттік органдар және үкіметтік емес ұйымдар арасындағы өзара әрекеттестіктің өсуімен қатар жүреді.

2024 жылы 2,7 мыңнан астам қабылдау өтті. Омбудсмен Артур Ластаев 100-ден астам адамды жеке қабылдады. Азаматтардың құқығы тікелей өзара әрекеттесу арқылы қалпына келтірілді (21%).

Үшіншіден, құқықтық ағарту 300 мыңнан астам адамды қамтыды. Бірқатар өңірлерде өткізілген «Құқықтық сағаттар» және БАҚ пен әлеуметтік желілер арқылы ақпаратты белсенді тарату маңызды рөл атқарды.

Төртіншіден, заңнамалық бастамалар. Кейінгі екі жылда омбудсмен Артур Ластаев үкіметтік органдарға шамамен, 10 маңызды заңнамалық бастама ұсынды, бұл құқық қорғау күн тәртібін жақсарту бойынша белсенді жұмысты көрсетеді. Уәкілдің кеңсесі заңдылық, теңдік және объективтілік қағидаттарына берік. Азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау жұмысы басымдыққа қалады және біз өз миссиямызды жариялылық және адам құқықтарын қорғау қағидаттарына сүйене отырып жалғастырамыз.

Қазақстанда адам құқықтары мен пенитенциарлық жүйе саласындағы мәселелерді шешуге бағытталған бастамалар жүзеге асырылуда. Олардың ішінде сотталғандарға жоғары білім алу мүмкіндігін беру, облыс орталық-

тарында көпсалалы колониялар салу және сотталғандардың жағдайларын жақсарту үшін заңнамаға өзгерістер енгізу бар.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Артур Ластаев қылмыскерді жауапкершіліктен босату-ды болдырмайтын арнайы бап енгізе отырып, ҚР Қылмыстық кодексіне мәжбүрлі некеге тұру мақсатында адам ұрлағаны үшін жауапкершілік белгілеуді ұсынды.

Сондай-ақ, сотталғандардың жағдайын жақсартуды қамтамасыз ету үшін көпсалалы мекемелер салу мәселесі талқылануда. Мұндай колониялар өмір бойына сотталғандардан бастап, балалары бар аналарға дейінгі әртүрлі санаттардың қажеттілігін ескеретін болады, бұл өмір сүру жағдайын және отбасыларымен байланысты жақсартады. Сонымен қатар, омбудсмен шет ел азаматтарын экстрадициялау кезінде кепіл қолдану мүмкіндігін қоса алғанда, балама бұлтартпау шараларын енгізуді ұсынды, ол жаңа ҚПК бабында көрініс табады. Бұл ұсыныстар барлық азаматтар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге ұмтылысты көрсетеді.

Алматы қаласы бойынша Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық өкілдігі.

КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ!



АНАЛАР АЛҚА ТАҚТЫ

Жетісу ауданында тұрып жатқан 10 көпбалалы ана Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 23 желтоқсандағы №739 Жарлығына сәйкес, «Алтын алқа» және «Күміс алқа» медальдарымен марапатталды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Жетісу ауданының әкімі Ләззат Жылқыбаева жоғары награда иелеріне еліміздің демографиясына қосқан зор үлестері үшін алғысын білдіре келе:

– Қазіргі таңда бір баланың өзін лайықты азамат етіп тәрбиелеу – оңай емес. Ал бірнеше баланы тәрбиелеу туралы сөз еткенде, мұндай аналарды ұлтының қаһарманына теңеген артық болмас деймін. Осы ретте көпбалалы аналарымыз мемлекет тарапынан лайықты бағасын алып отыр, – деді.

Аудан басшысы мемлекет тарапынан көпбалалы отбасыларға жасалып отырған қолдау туралы да кеңінен баяндады.

– Мен үшін мұндай жоғары мемлекеттік награда алу – үлкен құрмет. Отбасымызда балаларымызға барлық махаббатымызды бөліп, оларды тәрбиелеуге бар күшімізді салып келеміз. Келешекте еліміздің лайықты азаматтары

болады деп үміттенеміз. Әрбір ана балалардың санына емес, сапасына да жауап беруге тиіс деп ойлаймын. Себебі, бұл үлкен жауапкершілік. Қазақстанның болашағы жарқын болсын, балаларымыз денсаулығы мықты, еліміз гүлдене берсін!», – деді «Алтын алқа» иегері атанған Айман Қартыбайқызы.

«Біздің отбасымызда бейбітшілік пен келісім орнаған, дәл сол сияқты біздің көпұлтты елімізде де осындай бірлік бар. Мемлекетіміздің көпбалалы отбасыларға қолдау көрсетіп жатқаны қуантады. Демографияның өсуі үшін жағдайлар жасалуда. Біз ана махаббаты мен әке қамқорлығымен өстік. Енді барлық жақсыны балаларымызға берсек деп тырысамыз. Көпбалалы ана болу – бұл бақыт, әрбір отбасына да осындай бақыт тілеймін!», – деді «Күміс алқа» иегері, алты баланың анасы Мереке Мырзатайқызы.

КЕРЕК ДЕРЕК

Жетісу ауданында 2953 көпбалалы ана бар. Олардың 159-ы «Алтын алқа», 316-сы «Күміс алқа» иегері. Осынау алтын құрсақты аналардың көпшілігі білім, медицина және басқа да мемлекеттік және жеке құрылымдарда еңбек етіп, қаланың дамуына үлкен үлес қосуда.

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ!

БЛОКАДАДА ҚАЛҒАН БАЛАЛАР

сұм соғысқа лағынет айтады

Ленинград блокадасының жойылғанына 81 жыл толуына орай, қаламыздағы қоғамдық ұйымдар өкілдері 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағындағы «Мәңгілік алауға» гүл шоқтарын қойды.

Айнабай
МӘДИ

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Оның әкесі Николай – ғалым, академик Қаныш Сәтбаевтың үзенгілесі. Геологиялық барлау жұмыстарымен айналысатын. Талай кварцты қоспалар көзін ашқан. Қорғаныс қуатын артыруға айрықша үлес қосқан ол соғыс кезінде жауынгерлік Қызыл Ту орденімен наградталған. Марина Николаевна жасының ұлғайғанына қарамастан,

белсенділермен бірге қоғамдағы тұрақтылықты сақтау мен жастарды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге сүбелі үлесін қосуда. «Бастысы, бейбітшілікті сақтау. Соғыс болмасын, бейбіт жұрт зардап шекпесін, қоршау мен қамалда қалмасын» дейді блокадада қалған бала, бүгінгі бірлестік жетекшісі.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Марина СЕРГЕЕВА, «Батыр қала Ленинград блокадашылары» қоғамдық бірлестігі Алматы қалалық ұйымының жетекшісі:

ЛАДОГА КӨЛІНДЕГІ «ӨМІР ЖОЛЫМЕН» АМАН ӨТТІК
Ата-анаммен бірге Ладога көліндегі «өмір жолымен» аман өтіп, бір айдан кейін Қазақстанда болдық. Отбасымызбен Новосібір арқылы Семейге, одан Алматыға келдік. Жадымда бала кезімдегі бомбалау мен дүрбелең дүрсілі қалып қойды. Әлі күнге дейін әке-шешемнің қиыншылыққа мойымаған ерекше ерік-жігері есімде.

ҚАУІПСІЗДІК

САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

Алматыда жеке сектордағы үй иелеріне газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелері түсіндірілді.

Досбол
АТАЖАН

Түсіндіру жұмыстарына Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының мамандары, сондай-ақ «Алматы газ» және Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері қатысты. Білікті мамандар тұрғындарға қысқы жылыту маусымы кезінде газ жабдықтарын пайдаланудың негізін, ережелерін түсіндіре отырып, үйдегі газ тұтыну жүйелерін тексеріп өтті.

– Басқарма «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес, тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарын, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі тұрмыстық баллондарды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады. Заңның 19-бабының 1 және 3-тармақтарына сәйкес, газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарының иелері олардың тиісті техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті, – деді Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының бас маманы Динара Жусанбекова.

Сонымен қатар, басқарма өкілі сұйытылған мұнай газы бар баллондарды тұрғын үй бөлмелері мен дәліздерде, іргелік және жертөле үй-жайлар мен шатырларда, қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының асханалық және сауда залдарының, аудиториялар мен оқу сыныптарының, ғимараттардың көрермен (акт) залдарының, аурухана палаталарының, басқа да осыған ұқсас үй-жайлардың астында және үстінде орналасқан үй-жайларда, табиғи жарықсыз үй-жайларда, авариялық шығатын жерлерде, ғимараттың басты қасбеттері жағынан және екі қабаттан асатын көппәтерлі тұрғын үйлерде орнатуға жол берілмейтінін атап өтті.

Жалпы, Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтарына қауіпсіздік үшін келесі ережелерді сақтау ұсынылады:

- қолданғаннан кейін әрдайым газ құрылғыларындағы барлық крандарды жабыңыз;
- желдету торларын қалқаламаңыз немесе жаппаңыз;
- әлсіз тартымды түтін мұржасымен газ пештерін және газ колонкаларын пайдаланбаңыз;
- газдандыру кезінде қауіпсіздік автоматикасымен жабдықталған жабдықты орнатыңыз;
- газ жабдығын ауыстыру немесе жөндеу кезінде тиісті біліктілігі бар адамдарды шақырыңыз;
- апаттық жағдайда газ құрылғыларын өшіріңіз, терезелерді ашыңыз, бөлмеде желдету жасаңыз, жақын жерде ешкім от пен электр жарығын пайдаланбауын қадағалаңыз, «104» немесе «109» телефоны бойынша газдың апаттық-диспетчерлік қызметіне қоңырау шалыңыз.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталды

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 10 айға – 6134 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 10 айға – 13 156,20 (қала), 8034 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 10 айға – 3934 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

жолға реагент сеуіп,
450-ден астам арнайы техника шығарды

Кеше Алматыда таңғы сағат 5-тен бастап қар жауды. Күн райын зерттеушілер ақ ұлпа 1 ақпанға қараған түнге дейін жалғасады деп болжап отыр. «Қазгидромет» РМК болжауын-ша қардың мөлшері 8-9 мм-ге дейін жетуі мүмкін.

Сала мамандарының айтуларына, көктайғақтың алдын алу және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қар жауардан бұрын жолдар 180 м³ сұйық реагентпен өңделді. Жолға құм-тұз қоспасын себуге 152 арнайы техника жұмылдырылып, сағат 17.00-дегі жағдай бойынша 1250 тонна көктайғаққа қарсы материал пайдаланылды.

Қардың жиналып қалуын тездетіп жою үшін қауіпті жол учаскелерінде, түсу және көтерілу аймақтарында, жолайрықтардың бұрылыс бөліктерінде 46 жедел бригада күшейтілген режимде жұмыс істеуде. Олар тәулік бойы кезекшілік етуде.

Күндізгі уақытта қар тазалау жұмыстарына 455 бірлік арнайы техника және 1060 жол жұмысшысы тартылды. Сондай-ақ, жаяу жүргіншілер жолдарын, қоғамдық орындарды, қоғамдық көлік аялдамаларын және жерүсті өткелдерін механикаландырылған тазалау үшін 95 бірлік шағын көлемді техника қолданылады.

Қаланың барлық аудан әкімдіктерінде қар күреу жұмыстарын бақылау үшін тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылды. «Қазгидромет» мәліметінше, қар 31 қантар күні де жауады.

Алматы қаласының Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы қала тұрғындары мен қонақтарын жолда мұқият болуға, жол қозғалысы ережелерін сақтауға және жол жүру кезінде ауа райын ескеруге шақырады.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

АЛМАТЫ МЕТРОПОЛИТЕНІ



(Сурет: BAQ.KZ)

УАҚЫТША ҚОРШАУЛАР

тұрақты платформалық есіктер
орнатылғанға дейін қолданылады

Алматы метрополитенінің бекеттерінде жолаушылардың қауіпсіздігін арттыру үшін уақытша қоршауларды орнату жұмыстары басталды.

– Қолданыстағы бекеттерді жобалау кезінде метрополитен нысандарын салуды реттейтін нормативтік құжаттарда платформаларға автоматты жылжымалы есіктер орнату көзделмеген болатын. Бұл құжаттарға өзгеріс тек 2022 жылы енгізілді. Біз жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан осы үдерісті қалай ұйымдастыруға болатынын ойладық. Бұл жүйелі тәсілді қажет етеді, сондықтан қазіргі уақытта салынып жатқан және жобаланатын бекеттерде платформалық қоршаулар орнату қарастырылған, – дейді Алматы метрополитенінің директоры Алмасбек Орынбеков.

«Алматы қаласы Метрополитен» ПВХ КМК өкілдерінің мәліметінше, қоршаулар вагондардың арасындағы кеңістікті шектеу үшін орнатылады және метрополитеннің пайдалану шығыны есебінен жүзеге асырылады. Яғни бюджет қаражаты тартылмайды. Бұл жолаушылардың қауіпсіздігін арттыруға бағытталған уақытша шешім. Ол тұрақты платформалық есіктер (screen doors) орнатылғанға дейін қолданылады.

– Қазіргі уақытта біз вагондар арасындағы уақытша бөлу конструкцияларын монтаждауды

жалғастырудамыз, сонымен қатар сынақ іс-шараларының кешенін жүзеге асырып жатырмыз. Желіде мен композицияны тоқтату кезінде бөлімдердің бірі вагонаралық кеңістікке қатысты ығыстырылған фотосуретті көрдім. Осы эпизодты тағы да тест процесінің бір бөлігі екенін түсіндіргім келеді. Мұндай жағдайлар мұқият талданады. Жұмыс процесі тоқтамайды, инженерлер жүйенің жұмысын қамтамасыз ету үшін монтаждау жұмыстарын көпсатылы тексерулер арқылы синхрондайды», – деп атап өтті Метрополитен директоры.

Спикердің айтуынша, алдымен тот баспайтын жылтыр металдан жасалған тіректер орнатылады. Кейіннен оларға соққыға төзімді шыңдалған шыныдан жасалған қоршаулар бекітіледі. Бұл жұмыстар жақында аяқталады деп жоспарланып отыр.

– Автоматтандырылған платформалық қоршауларды орнату ұзақ уақытты қажет етеді, өйткені ол үшін жобалау, техникалық-экономикалық негіздеме, қаржыландыру, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу қажет. Осыған байланысты жолаушылардың қауіпсіздігі үшін уақытша металл қоршаулар орнатылып жатыр, – дейді Алмасбек Орынбеков.

Әзірлеген

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Немірдің таралымы –
17 242 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Ернұр РЫСБАЙ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



www.youtube.com/channel/UCXzM2xrJCHx6Br1ggA



Михаил ШАЙДОРОВ:

«АЛМАТЫ – МЕНІҢ ТҰРАҒЫМ, ОСЫ ҚАЛАДА ТҰРАМЫН»

Мәнерлеп сырғанаудан еліміздің маңдайалды спортшысы Михаил Шайдоровтың есімі қазір алыс-жуыққа әбден таныс. Жекелей мәнерлеп сырғанаудан даңқты спортшылар – Денис Тен, Элизабет Тұрсынбаева-лардың соңына ала бере, жұлдызы жарқыраған жігітіміз бұл. Қазақстандықтар арасынан алғашқы боп Гран-при финалдарында атойлаған жерлесіміз, таяуда Италияның Турин қаласында өткен Универсиада ойындарында да үздік үштікке қол жеткізіп, тағы да малақайымызды аспанға аттық.

Шайдоровтың аты әлеуметтік желіде тағы бір жарқыраған тұста, оның мекен-сойына қатысты алыпқашпа сөздер де шыққаны бар. Жерлесімізді ресейлік дегендер де табылды. Спорттық шынығуға байланысты Ресейде Олимпиада чемпионы Алексей Урмановтың жанында жаттығып жүрген жерлесіміз, алматылық Шайдоровтың жүрек түкпірінде Алатаудың баурайындағы Алматысы тұр. Біз бүгін сырғанап жүріп те сүйікті шаһарын жадынан шығармаған конькиші жігіттің көңіл күйінен, оның әкесімен болған әңгімеден сыр ақтарғанды жөн көрдік.



(Сурет: ашық деректерден)

Айнабай
МЭДИ

Баласының бейімін байқаған

Сан алуан сайыстарға дайындықтан қолы босамайтын Михаилмен сұхбаттың сәті түспеді. Спортшы өзімен хабарласу мүмкін болмаса да, бірер күн бұрын әкесімен хабарластық. Ресейдің Краснодар өлкесінің Сочи қаласында екен. Аз-кем әңгімелестік.

«Әкеге қарап ұл өсер» дгендей Конькишінің әкесі Станислав Шайдоров та мәнерлеп сырғанаудан мықты спортшы болды. М.Шайдоровтың әкесі ұлының «ой жетсе де, қол жетпеген» қоңыр күйде қолға іліккен қарапайым спорттық жабдыктарымен мүмкіндігінше талай сайыста бақ сынағанын айтты. Жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанған.

Әскери-әуе күштері сапынан запасқа шыққан С.Шайдоров – бұрынғы кәсіби мәнерлеп сырғанаушы, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы. Рас сол, Станислав Александрович республикалық чемпионаттардағы жеңісінің нақты санын есіне түсіре алмады. Мәнерлеп сырғанаудың майталманы: «Жүлдемнің ұзын-саны – бес-алтау. Сертификаттар үйде сақтаулы, санауға болады, – деп күліп алды Станислав. – Соңғы рет 2004 жылы қысқы Спартакиадада жеңіске жеттім, ұмытпасам, алғашқы жеңісіме 1995 не 1996 жылы қол жеткіздім. Институтта оқып жүрген кезім. Америкада тұрып, жаттығып жүрген Юрий Литвинов, Дмитрий Касарлыға мен Элизабет Стекольникова халықаралық жарыстарға қатысатынын білемін. Спорттық мансабымның шағында Солтүстік Кореяға бір рет барғаным есімде. Кемеровода өткен жарыстарға қатыстым. Жаттықтырушым Адольф Яковлевич Киреев бірнеше рет спорт комитетінен мені турнирге шет елге жіберуді сұраған. Қазақстан құрамасына бір жылға қостырды, жалақы 100 доллар болатын. Жиналған ақшаға жаңа конькилер алдық. Біз қарашадан наурызға дейін көшеде жаттығатынбыз. Қалған уақытта жаттығу залында болатынбыз. Алматыдағы Спорт сарайында мұз айдынын құюды тоқтатқаннан кейін қаламызда жасанды мұз қалмады. Оның артында үлкен «Олимпик» ангары салынған. Жасанды мұз «Рамстор» сауда ойын-сауық орталығы ашылған кезде пайда болды», – дейді атақты спортшының әкесі.

Алғашқы жасанды мұз пайда болған кезде балалардың шағын тобы жинала бастады. Өрине, жаттығуға тегін уақыт берілді. Алайда, Станислав ұлымен көбірек уақыт өткізуге мұз шоуына шықты. Мишаның коньки тебуіне төрт жылын арнап, балаларды

өзі жаттықтыра бастады. Мишаның мұздан шаршап, бір жыл бойы спорттық гимнастикамен жаттыққаны бар. Оның да пайдасы аз болмағанға ұқсайды.

Бала ғой, гимнастикадан жалыққан болар, әкесінен тағы мұз айдынына сұранды. 11 жасында Миша мәнерлеп сырғанаумен айналысқысы келетінін айтты. Осы кезден жарыстарға қатысып, жас өрен біраз жетістікке жете бастады.

Денис Тенмен «Рамсторда» танысты

Таяуда осы бір жайдары қазақстандық мәнерлеп сырғанаушы Михаил Шайдоров Sport + Қазақстан арнасындағы «Тікелей әңгіме» бағдарламасының эфирінде өзінің шығу тегі, сондай-ақ БАҚ-тағы жарияланымдары жайындағы сауалдарға жауап қатты. «Алматы – менің тұрағым, осы қалада тұрамын» деді мәрт мінезді жайдары жігіт.

«Көп уақытымды Қазақстандағы сүйікті қаламда өткіземін. Маған көп уақыт бөлетін Алексей Евгеньевич Урмановтың басшылығымен жаттығуға мүмкіндігім бар екеніне өте қуаныштымын. Мен «Рамстор» сауда, ойын-сауық орталығындағы жасанды мұз айдынында коньки тебуді бастадым. Онда көптеген конькишілермен танысып, білістім. Солардың белортасында даңқты Денис Тен болды» дейді Михаил. Дениспен таныстығы осы

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Людмила ПАРАМОНОВА,
Миша Шайдоровтың
алғашқы ұстазы:

ШӘКІРТІМЕ РИЗАМЫН

Миша аласа бойлы, мінезі ашық-жарқын оқушы болатын. Алдыңғы партада отырды. «Білімнің негізі – бастауыштан» деген сөз бекер емес. Ол сабақты «төртке» оқыды. Білгі достарына көмек қолын созып жүретін. Мектепшілік денешынықтыру сайыстарынан қалмай жүретін. Төрт жыл бойы сабақ беріп, бастауыштан түлеттік. М.Шайдоров осы білім ошағында 6-сыныпты бітіріп, талантты шәкірт спорттық мектеп-интернатқа ауысты. Ұстаздың талантты шәкірттеріне алаңдап жүретіні бар. Мен де спортқа аса ықыласты оқушымының мектеп-интернатта оқып жүріп, қалалық, республикалық жас жеткіншектер арасындағы спорттық сайыстарға қатысқанын естіп жүрдім. Кейін отбасы оның спорттағы болашағын ескеріп, Ресейде жаттығуы үшін Сочи қаласына көшкенін бір-ақ естідім. Бәрібір ол – мен үшін алматылық секілді. Өзі туып-өскен Алматысына жиі келіп тұрады. Бір келгенде сәлем беріп кеткені бар. Әлемдік деңгейдегі спорттық жарыстарға, Гран-прилерге Қазақстан атынан қатысып жүр. Бұл – біз үшін, ұстаздары үшін үлкен мәртебе. Мерейімізді өсірді. Үздік спортшы шәкіртіме ризамын.

Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

жерден басталды. «Рамстор» Қазақстандағы алғашқы мұз айдынының бірі болатын...

«Мен Ресейде көп уақытымды өткіздім, жиындарда жаттықтым, бірақ соңғы уақытта бірқатар қиындық туындады. Сондықтан қазір Алматыда көбірек жаттығамын. Мені «ресейлік» дегенді де естідім. Бірақ бұл маған мүлдем құрмет емес деп ойлаймын» дейді Михаил. 2024 жылдың соңында Гран-придегі сәттіліктен кейін бәзбір БАҚ өкілдері оның орыс тегі туралы жазғаны бар.

Бұл бағдарламаның эфирінде өзінің алдағы жоспарлары мен Гран-при финалына шығуы жайында ол былай деді: «Қалай болғанда да, бұл маусымның бірінші жартысында Гран-при финалына жете алмаймын деп ойладым. Ең алдымен, тамаша мәнерде коньки тебуді, өзімнің шеберлігімді шыңдауды көрсеткім келеді. Негізгі бәсекелестер –

рейтингтің алғашқы алтылығы, негізінен жапондық және американдық спортшылар».

Эфирде болған әңгімеде даңқты спортшы ақпан айының басында Харбинде басталатын Азиада жайлы: «Конькимен сырғанаушылар Азиадада өнер көрсеткені үшін жалпы рейтингке ұпай жинамайды. Оған қоса, бір аптадан кейін менде маңызды жарыс – Төрт құрлық чемпионаты болады. Сондықтан біз Харбиннен Сеулге ұшамыз. Соған қарамастан, қатарынан екі стартта өнер көрсетуге практикалық тұрғыдан қарауға тырысамын. Бұл – өте күрделі жағдай. Қатарынан осындай екі ірі жарыста, әрі маңызды турнир – Төрт құрлық чемпионатына шығуға өз күшінді бағамдап алу аса қажет. Ал Азия ойындары – командалық жарыс, бұл әрі жақсы нәтиже көрсететін үлкен мереке болады деп үміттенемін» деп сенімін білдірді. Төрт құрлық чемпионаты Оңтүстік Кореяда 18–23 ақпанда өтеді.

Тікелей эфирде белгілі қазақстандық мәнерлеп сырғанаушы Михаил Шайдоров оның ресейлік шығу тегі туралы айналымдағы қауесетті үзілді-кесілді жоққа шығарды. Спортшы өзінің тамыры мен спорттық жолы туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Ол өз өмірінің Қазақстанмен, соның ішінде сүйікті Алматысымен тығыз да терең тамырлы байланысы барын білдірді.

Біз кішкентай Миша Шайдоров табалдырығын имене аттаған мектепке де бардық. Қазақ халқының көрнекті кинорежиссері Мәжит Бегалин атындағы мектеп-гимназия. Митяның үйі де гимназия жанына жақын болатын. Бізді гимназия директоры Оксана Анатольевна қуана қарсы алды. Осында Мишаның бастауыш сыныптағы жетекшісі Людмила Федоровнамен кездестік. Мектеп мұражайында болып, болашағынан зор үмітті, спорттың мәнерлеп сырғанауынан бірталай биікті бағындырған отандасымыз Миша Шайдоров оқыған сыныпта, ол отырған партаның жанында тұрып жетекшінің өзімен азын-аулақ әңгімелестік.

Біз бірталай жетістікке жеткен алматылық жерлесімізге: «Осы кезге дейінгі жетістіктерің биік белестерге баспалдақ болсын. Бақ-талайың арта берсін!» деген тілек қосамыз.